



БЕКІТЕМІН:
«79 негізгі мектеп» КММ
директорының у.м.а
С.М.Әбікенова
«29» тамыз 2025ж

Қызылорда облысы Білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімі»
№79 негізгі мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

КЕЛІСЕМІН:
ОГЖ дир. орынбасары
Г.Бейсова
«29» тамыз 2025ж

2025-2026 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының **перспективалық** (күнтізбелік-тақырыптық) жоспары

Мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 14 қыркүйекте № 14235 болып тіркелді.
2. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Тіркеу номері 17669. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт. (Стандарт). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- 3) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;
- 4) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

5.ҚР Білім оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 9 қыркүйек №394 бұйрығына 3- қосымша

6.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 1-қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

Пәні:
Тақырыптық жоспарлауды құрастырған: Г.Бейсова И.Байқазақова

МАД сыныбы тәрбиешісінің күнтізбесі
Ай және тоқсан бойынша оқу күні және апта саны

I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Барлығы	Жыл бойы
8 апта	8 апта	10 апта	8 апта	34	34

ДЕМАЛЫСТАР

КҮЗГІ

27.10-2.11.2025

ҚЫСҚЫ

29.12.2025-7.01.2026

КӨКТЕМГІ

19.03-29.03.2026

ҚОСЫМША

9.02-15.02.2026

ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ

31.05.2026

Тәрбиеші: И.Байқазақова

ТӘРБИЕШІНІҢ ЖҮКТЕМЕСІ

ПӘН	ТОП	МАД	САҒАТ САНЫ
-----	-----	-----	------------

Мектепалды даярлық тобының ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ 2024-2025 оқу жылы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет/Балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы ҰІӨ саны (ұйымдастырылған іс - әрекеті)
1	Дене шынықтыру	3	102	102
	Қимыл белсенділігі			
2	Сөйлеуді дамыту	2	67	67
	Тілдік қарым-қатынас			
	Көркем әдебиет	2	69	69
	Тілдік қарым-қатынас			
	Қазақ тілі	2	69	69
	Қазақ тілі			
3	Сауат ашу негіздері	3	102	102
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет			
4	Математика негіздері	3	102	102
	Танымдық, зерттеу әрекеттері			
5	Қоршаған ортамен таныстыру	2	69	69
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу			
6	Сурет салу	0,25	9	9
	Мүсіндеу	0,25	9	9
	Жапсыру	0,25	8	9
	Құрастыру	0,25	8	8
	Шығармашылық, бейнелеу әрекеті			34
7	Музыка	2	69	69
	Шығармашылық, музыкалық, қимыл әрекеті			
	Ұйымдастырылған іс – әрекетінің ұзақтығы	25-30 минут		
	Барлығы			
Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс –		20 сағат	683	

әрекетінің жалпы көлемі		
Тәрбиеші:		И.Байқазақова

ТҮСІНІК ХАТ

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала — біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

Еліміздің мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық үдерістерін жаңа бағда .

Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйе, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
 - түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);
- 1) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.
- Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:
- физикалық дамыту;
 - коммуникативтік дағдыларды дамыту;
 - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
 - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
 - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.
- Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік- эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:
- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
 - 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
 - 3) сөйлеуді дамыту;
 - 4) көркем әдебиет;
 - 5) сауат ашу негіздері;
 - 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
 - 7) сенсорика;
 - 8) математика негіздері;
 - 9) құрастыру;
 - 10) қоршаған ортамен таныстыру;
 - 11) сурет салу;
 - 12) мүсіндеу;
 - 13) жапсыру;
 - 14) музыка.

2. Бағдарламаның мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру.

3. Бағдарламаның міндеттері: баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны құру, оның ішінде арнайы ортаны құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, тәрбиелеу, дамыту және оқыту міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру.

4. Бағдарлама мазмұны:

дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға;

балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге;

тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге;

өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға;

тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге;

баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);

- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);

- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);

- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;

- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

Мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

физикалық дамыту;

- коммуникативтік дағдыларды дамыту;

- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;

- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;

- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

5.Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;

балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;

салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына,

құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;

тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;

Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді;

баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды,әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

6.Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

7. Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

8. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

9. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

10. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке

ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

11. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін

көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге;

Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

ТҮСІНІКТЕМЕ

«Сөйлеуді дамыту» оқу-әдістемелік кешені (ОӘК) төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалды:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 ж. 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген).

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 ж. 9 қыргүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген).

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 ж. 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген).

Оқу-әдістемелік кешеннің құрамы:

а) үлестірімелі материалдар;

ә) әдістемелік құрал.

Әдістемелік құралда ұсынылған ұйымдастырылған іс-әрекетінің жоспарлары келесі принциптерге негізделген:

1) топта жағымды психологиялық және моральдық-адамгершілік ахуал құру;

2) балалар арасындағы достық қарым-қатынас үшін жағдайды ұйымдастыру;

3) балалардың мүдделері мен қабілеттеріне сергектік таныту;

4) әр баламен тікелей қарым-қатынас жасау.

Осыған байланысты авторлар ұйымдастырылған іс-әрекетінің түрі, оқыту әдісі мен тәсілінде ойынға, балалардың ойлауға, сөйлеуге және практикалық іс-әрекетін белсендіруге, кіріктіру негізінде мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы компоненттерінің өзара әрекеттесуі мен өзара байланысына педагог баса назар аудара отырып, өзгертіп пайдалануы қажет деп санайды. Сондықтан «Сөйлеуді дамыту» ұйымдастырылған іс-әрекетін жобалау кезінде қоршаған ортамен таныстыру, музыкалық дағдыларды, көркем әдебиетті оқуды қоса алғанда оқу-тәрбие жұмысының барлық кешені ескерілді. Ұйымдастырылған іс-әрекет мазмұнында басты назар ересек топ балаларының жас ерекшеліктері ескеріле отырып,

халықтық дәстүрлерді, ұлттық және әлемдік мәдениетті насихаттауға аударылды. Ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарлары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу бағдарламасында көрсетілген күтілетін нәтижелерге қол жеткізудің әртүрлі әдістері мен құралдарын ұсынады. Мысалы: ұйымдастырылған іс-әрекетінде мейірімді ахуал құру, балалардың эмоциялық көңіл күйін сақтау, күйзеліс тудыратын жағдайларды жеңілдету және тәрбиеленушілердің отбасыларымен тығыз ынтымақтастық орнату.

Әдістемелік құрал мен үлестірімелі материалдар бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан жұмыс мазмұнында екі оқу құралын қатар пайдаланған дұрыс.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу бағдарламасында ұйымдастырылған іс-әрекетті жобалаудың төмендегідей мақсаттары мен міндеттерін анықтайды.

Мақсаты: балалардың түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық

мәдениетін дамыту.

Міндеттері:

ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;

коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;

**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫПТАРЫНДАҒЫ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС - ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ
КҮНТІЗБЕЛІК - ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ
2025-2026 оқу жылы**

«Сөйлеуді дамыту»

Апталық жүктеме 2 сағат, жылдық жүктеме 67 сағат

Алматы «Алматыкітап баспасы» 2022 ж.

Р/с	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі
1	Кел, танысайық! Балабақшадағы алғашқы күн	Міндеттері: -балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету; -мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялдарын дамыту;баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. Б, п дыбыстары туралы түсінік беру. Сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	1.09.2025
2	Менің досым	Міндеттері: Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді үйрету. Сөздік қорын байыту. Достыққа адал болуға тәрбиелеу.	1	3
3	Менің сүйікті ойыншығым .	Міндеттері: Д, т дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету. Сөздік қорын толықтыру. Бір-біріне қамқор болуға баулу	1	8
4	Күз бояуы	Міндеттері: Синоним сөздермен таныстыру. Сөйлеу тілін дамыту.Мейірбандыққа тәрбиелеу.	1	10
5	Менің атам	Міндеттері: Отбасы туралы білімін кеңейту. Ойлау қабілетін дамыту.Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.	1	15
6	Қорыққанға қос көрінеді	Міндеттері: Г, к дыбыстарымен таныстыру. Ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтуға баулу.Ертегіге қызығушылығын тәрбиелеу.	1	17
7	Отбасының күзгі еңбегі	Міндеттері: Күзгі бақшадағы еңбекпен таныстыру. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Мейірбандыққа тәрбиелеу.	1	22
8	Күзгі жапырақтар	Міндеттері: Дауысты дыбыстардың ерекшелігін түсіндіру. Сөйлеу мәдениетін жетілдіру.Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	24
9	Шаштараз	Міндеттері: Түбірлес сөздердің мағынасын түсіндіру. Ойлау қабілетін дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	29
10	Ең тәтті нәрсе	Міндеттері: Дауыссыз дыбыстар жайлы түсінік беру. Сөздік қорын дамыту. Жануарларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.	1	1.10.2025
11	Әжесін кім жақсы көреді?	Міндеттері: Зат есім, сын есімдермен таныстыру. Әңгіме мазмұнын айтуға үйрету. Үлкен кісілерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	6
12	Үлгілі бала	Міндеттері:	1	8

		Сөздің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіндіру. Әңгімені жалғастырып айтуға жетелеу. Құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.		
13	Кітап – білім бұлағы	Міндеттері: Кітап туралы түсінігін кеңейту. Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітапты сүйеге тәрбиелеу.	1	13
14	Мен білімді баламын	Міндеттері: Білім туралы түсінігін кеңейту. Хабарлау сипатындағы әңгіме құрауға баулу. Дербестікке тәрбиелеу.	1	15
15	Отбасым – бақыт мекенім	Міндеттері: Ауыспалы мағынадағы сөздермен таныстыру. Өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрауға баулу. Отбасындағы сыйластыққа тәрбиелеу.	1	20
16	Нағыз дос	Міндеттері: Әңгімені өз ойымен аяқтай білуге жетелеу. Сөйлеу екпінін реттеуге баулу. Құрдастарымен достық қатынаста болуға тәрбиелеу.	1	22
17	Біздің қанатты достарымыз	Міндеттері: Құстар туралы түсінігін кеңейту. Тақырып аясында диалогке қатысуға жетелеу. Құстарды қорғауға тәрбиелеу.	1	3.11.2025
18	Судың да сұрауы бар	Міндеттері: Фонематикалық естуді дамыту. Сөздік қорын кеңейту. Табиғатты сүйеге тәрбиелеу.	1	5
19	Алматы – әсем қала	Міндеттері: Алматы қаласы туралы білімін кеңейту. Сипаттауға қажетті сөздерді қолдануға жетелеу. Туған жерге сүйіспеншілігін арттыру.	1	10
20	Қонақ келсе – құт	Міндеттері: Сөздерді дұрыс дыбыстауға баулу. Тақырып аясында диалогке қатысуға жетелеу. Қонақжайлылыққа тәрбиелеу.	1	12
21	Ойыншықтар дүкенінде	Міндеттері: З, ө дыбыстарын анық айтуға үйрету. Ойыншықтардың неден жасалғанын білу. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	17
22	Жануарлар қайда тұрады?	Міндеттері: Жануарлардың тіршілігі туралы білімін кеңейту. Көп мағыналы сөздерді қолдана білуге баулу. Жануарларды қорғауға тәрбиелеу.	1	19
23	Қысқа дайындық	Міндеттері: Сюжетті сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету. Дыбыстарды түріне қарай ажырату дағдысын дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	24
24	Алғашқы қар	Міндеттері: Дауыссыз дыбыстардың ерекшелігін түсіндіру. Сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға баулу. Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.	1	26
25	Менің Отаным	Міндеттері: Отан туралы түсінігін тереңдету. Тақырыпқа байланысты әңгіме құрауға үйрету. Отанын сүйеге тәрбиелеу.	1	1.12.2025
26	Тәуелсіз елдің ұланымыз	Міндеттері: Тәуелсіздік туралы ұғымын кеңейту. Еліміздің рәміздерін қастерлеуге баулу. Туған елін мақтаныш етуге тәрбиелеу.	1	3

27	Қыс	Міндеттері: Сипаттау сөздерін қолдануға жетелеу. Шығармашылығын арттыру. Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.	1	8
28	Ажарлы қыс	Міндеттері Сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету. Ойын арқылы қимыл-қозғалысын дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	1	10
29	Қаңтар	Міндеттері: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Синоним, антоним сөздерді қолдануын дамыту. Табиғатты сүйеге тәрбиелеу.	1	15
30	Қыс қызықтары	Міндеттері: Қыстың белгілері туралы әңгімелесу. Көп мағыналы сөздерді қолдануын дамыту. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	1	17
31	Суықторғай	Міндеттері: Ж, ш дыбыстарымен таныстыру. Шығармашылығын дамыту. Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	1	22
32	Ақсақ құлан	Міндеттері: Л, р дыбыстарымен таныстыру. Тілдік қорын байыту. Халық ауыз әдебиетіне қызығушылығын ояту.	1	24
33	Күшік пен мысық	Міндеттері: Сөздерді буынға бөлуге үйрету. Мәнерлі сөйлеу құралдарын қолдануға баулу. Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.	1	12.01.2026
34	Кеме	Міндеттері: Көлік түрлері туралы түсінік беру. Танымдық қабілетін дамыту. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	1	14
35	Кім ақылды?	Міндеттері: Сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөйлеу тілін дамыту. Әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу.	1	19
36	Мамандықтың бәрі жақсы	Міндеттері: Мамандық түрлерімен таныстыру. Сөздік қорын толықтыру. Мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	21
37	Өскенде мен кім болам?	Міндеттері: Адамдардың еңбекке қатынасы туралы түсіндіру. Сөйлеу мәнерін дамыту.Мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	26
38	Сүйінші	Міндеттері: Сүйінші дәстүрімен таныстыру. Дәстүрлі сөздерді қолдана білуге баулу. Қазақтың салт-дәстүріне құрмет сезімін ояту.	1	28
39	Қос ішекті домбыра	Міндеттері: Ұлттық аспаптар туралы білімін кеңейту. Тақырып аясында диалогке қатысуға жетелеу. Халық шығармашылығына құрметпен қарауға тәрбиелеу.	1	2.02.2026
40	Спорт – денсаулық кепілі	Міндеттері: Спорт туралы білімін жетілдіру. Өз тәжірибесі негізінде әңгімелеуге тарту. Спортқа қызығушылығын арттыру.	1	4
41	Денсаулық еліне саяхат	Міндеттері: Антоним түрлерімен таныстыру. Қарым-қатынаста әдептілік сөздерін қолдануға баулу.Денсаулығын күтуге тәрбиелеу.	1	16
42	Он екі мүшең сау болсын	Міндеттері:	1	18

		Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіндіру. Өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрауға тарту. Дене мүшелерін күтуге тәрбиелеу.		
43	Үлкен қонақ	Міндеттері: Қонақжайлылық туралы түсінігін кеңейту. Өзін танып білуге қызығушылығын арттыру. Ұлтының құндылықтарын құрметтеуге баулу.	1	23
44	Дәрумендер	Міндеттері: Дәрумендердің пайдасы туралы түсінік беру. Сөздік қорын байыту. Асты қадірлеуге тәрбиелеу.	1	25
45	Асар жасаймыз	Міндеттері: Асар дәстүрінің мәнін түсіндіру. Сөздік қорын молайту. Бір-біріне қамқор болуға баулу.	1	2.03.2026
46	Бағдаршам	Міндеттері: Бағдаршам туралы білімін дамыту. Жолда жүру мәдениетін бекіту. Зейінді, елгезек болуға тәрбиелеу.	1	4
47	Менің анам	Міндеттері: Тақырыпқа байланысты әңгіме құрауды үйрету. Сөйлеу тілін дамыту. Анасын аялай білуге тәрбиелеу.	1	9
48	Біз де ойнаймыз	Міндеттері: Дыбыс туралы алған білімін бекіту. Сұрақтарға толық жауап беруге баулу. Табиғатқа қамқор бола білуге тәрбиелеу.	1	11
49	Наурыз – көктем мерекесі	Міндеттері: Ұлттық салт-дәстүрмен таныстыру. Ойлау қабілетін дамыту. Салт-дәстүрімізді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	16
50	Қасқыр мен түлкі	Міндеттері: Ертегінің мазмұнын әңгімелеуге жетелеу. Сөздік қорын дамыту. Батылдылыққа тәрбиелеу.	1	18
51	Жайлауда	Міндеттері: Ж, ш дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру. Сөйлеу тілін дамыту. Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.	1	30
52	Мен ғарышкер боламын	Міндеттері: Қ, ғ дыбыстарын дұрыс дыбыстауға үйрету. Сөздік қорын молайту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	1.04.2026
53	Маңдай тер	Міндеттері: Сөйлем түрлері бойынша білімін пысықтау. Әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	6
54	Күн, Ай және қораз	Міндеттері: Дыбыс туралы білімін пысықтау. Ертегіні түсінікті мазмұндай білуге жетелеу. Достықты бағалауға тәрбиелеу.	1	8
55	Түлкі мен қоян	Міндеттері: Ертегіні мазмұндай білуге жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелеу.	1	13
56	Ас атасы – нан	Міндеттері: Мағынасы жақын, мағынасы қарама-қарсы сөздерді түсіндіру. Әдептілік сөздерін қолдануға үйрету. Нанның қадірін білуге тәрбиелеу.	1	15
57	Алғыс айтамыз	Міндеттері:	1	20

		Шығармашылықпен әңгімелеуін жетілдіру. Ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру. Ізеттілікке тәрбиелеу.		
58	Атамның ауылында	Міндеттері: Үй жануарлары туралы түсінігін кеңейту. Сөздік қорын дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	22
59	Отбасым – мақтанышым	Міндеттері: Бейнелі теңеулерді түсіндіру. Өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрауға жетелеу. Отбасына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1	27
60	Тазалықтың досы	Міндеттері: Тазалық туралы білімін жетілдіру. Есте сақтау қабілетін дамыту. Тазалық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	29
61	Киіз үй	Міндеттері: Киіз үйдің құрылымымен таныстыру. Сөздік қорын толықтыру. Туған жерін қастерлеуге тәрбиелеу.	1	4.05.2026
62	Менің балабақшам	Міндеттері: Еңбекке қатынасты білдіретін үстеулермен таныстыру. Сұраққа толық жауап беру танымын арттыру. Ұқыптылыққа, зеректікке тәрбиелеу.	1	6
63	Жолда абайла	Міндеттері: Жол белгілерінің маңызын түсіндіру. Өз тәжірибесі негізінде әңгімелеуге баулу. Жолда жүру ережесін бұлжытпай сақтауға тәрбиелеу.	1	11
64	Ханталапай	Міндеттері: Монолог құра білуге үйрету. Сюжеттік суретті сипаттау дағдысын дамыту. Ұлттық ойындарға қызығушылығын тәрбиелеу.	1	13
65	Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш	Міндеттері: Диалогпен сөйлей білуге жетелеу. Есте сақтау қабілетін дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	18
66	Киім дүкенінде	Міндеттері: Сатушымен дұрыс сөйлесе білуге жетелеу. Өңгімені мазмұндау дағдысын кеңейту. Ұжымшылдыққа тәрбиелеу.	1	20
67- 68	Тұрмыстық техника әлемі	Міндеттері: Тұрмыстық техника туралы білімін жетілдіру. Сөздік қорын молайту. Қауіпсіздік ережесін сақтауға тәрбиелеу.	2	25-27
68сағат				

ТҮСІНІКТЕМЕ

«**Көркем әдебиет**» оқу-әдістемелік кешені (ОӘК) жаңартылған нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 ж. 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген*).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 ж. 9 қыргүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген*).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 ж. 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген*).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері айқындалған.

Міндеттері:

ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; коммуникативтік дағдыларды дамыту;

әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуін дамыту; балаларды заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;

әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

Бұл орайда ОӘК-нің басты мақсаты – қойылған міндеттерді шешу үшін ұйымдастырылған іс-әрекетте қолданылатын тиімді әдістер-тәсілдер мен технологияларды саралау.

«**Көркем әдебиет**» оқу-әдістемелік кешенінің жиыны: педагогтерге арналған әдістемелік құрал; үлестірмелі материалдар.

Әдістемелік құрал төмендегі бөлімдерді қамтиды:

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің үлгілік оқу жоспарлары.

Қосымша хрестоматия материалдары.

Көркем әдебиет бойынша ұйымдастырылатын іс-әрекетте шығармадағы жаңа сөздерді үйрету және олардың мағынасын меңгерту көзделеді. Сөздік жұмысы арқылы пассив сөздерді белсенді сөздік қорға айналдырып, оны балалар күнделікті өмір тәжірибесінде қолдануға мүмкіндік туғызылады. Жаңа тақырыпта кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіру мақсатында жүргізілетін сөздік жұмысы келтіріледі. Мысалы: *Білімді* – кітапты көп оқитын, көп ізденетін адам. *Қиялым самғайды* – армандау, *қанатым талмайды* – ерінбей іздену деген мағынаны білдіретіні түсіндіріледі.

Үлестірмелі материалдарда берілген тапсырмалар балалардың жас ерекшелігіне сәйкес құрастырылды. Әр суреттің мазмұн бірізділігін сақтап, толық қорытынды жасауға ықпал ету көзделді.

Сурет бойынша балаларды өз ойын жүйелі баяндауға жетелейтін жұмыстар жүргізіледі. Сұрақтар қою арқылы суреттегі кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруге жетелеу, балаларға ой тастайтын, жаңа идея туғызатын, өзінің пікірін толық білдіре алатын, шығарманы өмірмен байланыстыра білу деңгейін көтеретін коммуникативтік дағдыларын дамыту мақсаты көзделеді.

Сурет бойынша сұрақтарға жауап беруде немесе әңгімелеуде балалардың танымдық іс-әрекетке қызығушылығы артады. Мысалы: *Балаларды кім қарсы алып тұр?*

І қыргүйек күні мектепте сені кім қарсы алды? Балалардың қолында не бар? Олардың көңіл күйлері қандай? Бүгін қандай күн? деген сұрақтарға жауаптар алынады. Сурет бойынша жетекші сұрақтар қою арқылы балаларда өзінің ойын өмірмен байланыстыра отырып, жүйелі жеткізу, талдау дағдысы қалыптастырылады, яғни тілі дамиды.

Ертегілерді таныс сюжет бойынша қойылым ретінде сахналайды, кейіпкердің ерекшелігін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдана біледі. Ертегі кейіпкерлерін сахналау арқылы ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мәдениетті мінез-құлық дағдыларын меңгеріп, өз ойын еркін айтуды үйренеді. Ертегі мазмұнын ашатын сурет бойынша әңгімеде басқалардың пікірін тыңдайды, адамгершілік ережелерін сақтау бойынша өзіндік пікірін білдіріп, бағасын береді.

Көркем әдебиет іс-әрекетінің мазмұнында берілген ауыз әдебиеті үлгілері мен көркем шығармаларды рөлге бөліп сахналауда кимыл әрекетін, дауыс интонациясы мен мимикасын келтіріп, шығармашылық дербес орындау дағдысын қалыптастыру көзделеді.

Әдеби жанрдың бір түрі – айтыс. Айтыс – халық ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзия жанры, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын жыр сайысы. Айтыс өнеріне байланысты шығармалармен таныса отырып, балалар диалог құруды үйренеді.

Көркем әдебиет бойынша ұйымдастырылатын іс-әрекетте жұмбақтар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар тақырыптың мазмұнына сай саралап ұсынылды. Берілген шығармаларды балалардың өзіндік тәжірибесіне сүйене отырып талқылап, ортақ шешімге келе білуі, өзінің ойын басқаларға түсінікті етіп жеткізуі, ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдылары дамытылады.

Көркем шығарманың енді бір түрі – әңгіме. Әңгіме – оқиғаны қара сөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма жанры. Педагог Көркем әдебиет бойынша ұйымдастырылатын іс-әрекетте балалардың әңгімені эмоциямен қабылдауына, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата білуіне басымдық беруі қажет.

Көркем әдебиеттегі ұсынылған әдеби жанрларды ажырата білуге, әңгіменің соңын өзінің шығармашылығымен аяқтауға, кітапқа деген қызығушылығын арттыруға баса көңіл бөлінеді.

Шығарманы мәнерлеп оқу, мазмұнын эмоциямен қабылдап, шығармашылықпен әңгімелеу, балаларды сахналау мәдениетіне баулуда күтілетін нәтижелерге жету ұсынылған тақырыптар аясында жүзеге асырылады.

Дидактикалық ойын ақыл-ой дамуына әсер етеді, бала ойын үстінде заттар мен іс-әрекеттерді жалпылайды, сөздің жалпылама мағынасын қолдануды т.б. үйренеді. Ойын жағдайына ену – баланың ақыл-ой әрекеттерінің түрлі сипаттарының шарты. Дидактикалық ойын баланың психикасында сапалы өзгерістер туғызады, онда мектепке барғанда жетекші болатын іс-әрекетінің негіздері қаланады.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда геймификация ойындары ұйымдастырылған іс-әрекетте қолданысқа енгізілуде. Геймификация мен ойын жаттығуларын ажырата білу керек. Ойын тәсілі – белгілі бір ойын ішіндегі оқыту, ал геймификация – мотивацияны арттыру үшін күнделікті ұйымдастырылатын іс-әрекетте ойын әдістерін қолдану. Геймификация үдерісі міндетті

түрде компьютерлік ойындарды қолданумен қатар үстел үсті, мобильді, рөлдік ойындар арқылы да мотивацияны арттыруға және баланы қызықтыруға көмектеседі. Сондай-ақ геймификация көрнекілікті (стикерлер, бейждер, чиптер) күшейтуді, бәсекеге қабілетті элементтерді қолдануды, жаңа білімді синтездеуді қамтиды. Ұйымдастырылған іс-әрекетте компьютерлік ойындарды балалардың жас ерекшелігіне қарай қолдану қажет. Интернеттен «Лото» ойынын тақырыпқа сай таңдап пайдалану, топта ұйымдастыру ұсынылады. Сонымен қатар мультфильмдер сериясынан ертегілерді көрсетуге болады. Бұл балаларды белсенді әрекетке түсуге, ертегіні сахналау немесе кейіптендіруде образға кіруге, рөлді өзінің барлық мүмкіндігін пайдаланып шығармашылықпен орындауға жетелейді.

Көркем әдебиетте берілген Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңін өткен кезде педагог балаларды екі топқа бөліп, топтық тапсырмаларды орындауда өз қиялымен жаңаша өздерінің нұсқасын ұсынуды тапсырады. Геймификация сұрақтары:

Ғарыш, ғарышкер сөзін қалай түсінесің, іс-қимыл арқылы көрсет.

Компьютерді пайдаланып, ғарыш суретін салып көр. Ғарышкер қандай болу керек? Балалар өз шығармашылығымен жаңа ғарышкерді жасап шығады.

Қастек Баянбайдың «Киіз үй» өлеңін өткен кезде кейс тапсырмасымен рөлдік жобалау үдерісіндегі іс-әрекетін ұсынамыз.

Кезеңдері	Балалардың іс-әрекеті
Ситуациялық жағдаймен, оның ерекшеліктерімен танысу	Ситуациялық жағдайды қабылдайды.
Білімді белсендіру	Топқа бірігеді, рөлдерді бөлісіп алады, өзара әрекеттеседі, ынтымақтасады, келіседі.
Миға шабуыл	Ізденіс әрекетін жүзеге асырады.
Өз нұсқасы	Өз рөлдерін ұсынады, жасайды.
Рефлексия	Талдайды, қорытынды жасайды.

Әдібай Табылдының «Метро» өлеңін өткен кезде педагог балаларға геймификация арқылы рөлді сомдауға тапсырма береді. Балалардың бірі метро пойызын жүргізуші, бірі жолаушы, бірі бақылаушы. Аталған рөлдерде балалар топтасып, түрлі кедергі сұрақтарға жауап береді немесе күрделі сұрақтарға жауап іздейді. Мысалы: метро жүргізушісі өз бағытынан кешігіп келді, жүргізушінің әрекеті мен бақылаушының әрекетін рөлдегі балалар ойланып жеткізеді, тиімді шешімді ойлап табады, әйтеуір, өз қиялымен басқаша ойлануға жетелеу керек.

Серікбай Оспановтың «Ноутбук» өлеңін өткен кезде балалар өлең жолдарын педагогтен кейін қайталап, ноутбук жайлы өз ойын сұраққа жауап ретінде айтады.

Осы өлең жолдарын тыңдай отырып, осыған ұқсас өлең құрастырайық немесе сол затты ұжым болып жасап көрейік.

Қандай?	Не істейді?	бірақ	Осындай тағы не бар?	емес
Өзі кіп- кішкентай	Онда ашылмаған сыр көп	бірақ	Саған не керектің бәрі бар	емес
Басқыштары бар	басуға болады	бірақ	зат	емес

«Түлкі мен қоян» ертегісін өткен кезде педагог тыңдалған мәтінді балалармен бірге немесе жеке, топтық жұмыста оқылған ертегі мазмұны басқаша қалай болу керектігін және қиялдарынан әрбір кейіпкердің рөлін өзінше құрастырып жаңа мәтін немесе қызықты ертегі құрастыруға бағыттайды. Ол үшін балаларға геймификациялық карталар қажет, олар ертегінің басты кейіпкерлерінің суреттері түрінде беріледі:

қоян мен түлкінің суреттері;

түлкінің ет жеп тұрған суреті;

қоянның таңырқаған суреті;

шаршаған немесе көңілді түлкінің суреті;

қоян мен аюдың суреті (басқа да жануардың суретін қоюға болады);

қорыққан түлкінің немесе батыл түлкінің суреті;

тауықтың немесе тышқанның суреті (түлкі тауықтың етін жеп тоя ма әлде тышқанның етіне тоя ма, ол өздерінің қалаулары).

Суреттер бойынша жаңа ертегі құрастыруға тапсырма беріледі. Балалар осы аталған суреттерден өз таңдауы бойынша жаңа ертегі құрастырып, екі топтың әңгімесі салыстырылады.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау үшін рефлексиялық тапсырмалар ұсынылады. Әрбір ұйымдастырылатын іс-әрекетте балалардың қаншалықты белсенді қатысқаны мадақтау әдісі арқылы қорытындыланады. Педагог смайл қояды немесе өзінің белгілерін қояды. Көркем әдебиетте ұсынылған басқа өлеңдер де осы бағытта ұйымдастырылады.

Әдеби жанрдың бір түрі өлеңдерді мәнерлеп, интонациямен қайталап оқыту үшін шығармаларды жаттату немесе мәнерлеп қайталап айту ұсынылады. Өлеңдер арқылы туған елін, жерін сүйе баулу, еліміздің рәміздеріне құрмет сезімін, жыл мезгілдерінің ерекшеліктері мен адам еңбегінің нәтижесін бағалай білуге жетелеу, оларға құрмет сезімін ояту көзделеді.

Ұсынылып отырған әдістемелік құралдың **өзектілігі**: мектепке дейінгі ұйымдарда

«Көркем әдебиет» ұйымдастырылған іс-әрекетін жобалауда ойын технологияларын қолданудың тиімділігі – шығарма түрлерін ажырата алатын, шығарманы сахналайтын, өз қиялын жүйелі жеткізе алатын, әлеуметтенуге бейім шығармашыл тұлға қалыптастыру. Сондықтан да Көркем әдебиет бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет кешенінде балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, сыни ойлауын, белсенділігін арттыру, қиялы мен зейінін, ерік-жігерін тәрбиелеу, сөздік қорын дамыту, рөлдерді сахналау, кейіптендіру, мәнерлі құралдарды қолдану үшін басты назарда *ойын технологияларын* пайдалану көзделеді.

«Көркем әдебиет» оқу-әдістемелік кешені сіздерге көмек беретін құрал болады деген ойдамыз.

**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫПТАРЫНДАҒЫ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС - ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ
КҮНТІЗБЕЛІК - ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ
2025-2026 оқу жылы**

«Көркем әдебиет»

Апталық жүктеме 2 сағат, жылдық жүктеме 68сағат

Алматы «Алматы кітап баспасы» 2022ж.

Р/с	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі
1	Білімнің – бұлағың	Міндеттері: Білім туралы түсінігін кеңейту. Ойлау қабілетін дамыту. Ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу.	1	2.09.2025
2	Кішкентай бағбан	Міндеттері: Кейіпкерге мінездеме беруге үйрету. Әдеби шығарманы мұқият тыңдауға баулу. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	4
3	Шаруа мен аю	Міндеттері: Сюжет желісінің реттілігін сақтауға баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	9
4	Менің ойыншықтарым	Міндеттері: Өлең жаттауда логикалық екпінді қолдануға баулу. Сөздік қорын байыту. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	1	11
5	Әкесі мен балалары	Міндеттері: Әңгіме мазмұнын қайталап айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.	1	16
6	Арыстан мен тышқан	Міндеттері: Сахналық қойылымға қатысуға жетелеу. Кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету. Жануарларға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.	1	18
7	Алтын астық	Міндеттері: Астық жинау науқаны туралы түсінік беру. Сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру. Еңбекті бағалауға тәрбиелеу.	1	23
8	Мақтақыз бен мысық	Міндеттері: Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Жанашырлыққа тәрбиелеу.	1	25
9	Мақтақыз бен мысық	Міндеттері: Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Жанашырлыққа тәрбиелеу.	1	30
10	Әдептілік әлемі	Міндеттері: Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.	1	2.10.2025
11	Әдептілік әлемі	Міндеттері:	1	7

		Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.		
12	Ақымақ қасқыр	Міндеттері: Сахналық қойылымға қатысуын ынталандыру. Тіл байлығын арттыру. Кейіпкерге жанашырлық танытуға тәрбиелеу.	1	9
13	Қыс	Міндеттері: Қыс мезгілі туралы түсінігін қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Табиғаттың сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу.	1	14
14	Тәуелсіздік	Міндеттері: Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту. Тілдік ойлау қабілетін дамыту.Туған жерін сүюге, қадірлеуге тәрбиелеу.	1	16
15	Тәуелсіздігіміз мәңгілік	Міндеттері: Сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға үйрету. Шешендік сөз өнеріне баулу. Татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу.	1	21
16	Орман емшілері	Міндеттері: Әңгіменің мазмұнын ойдан құрастыруға баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1	23
17	Жаңа жыл келді	Міндеттері: Өлеңнің эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу. Көркем сөзге қызығушылығын жетілдіру. Татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу.	1	4.11.2025
18	Жақсы мен жаман	Міндеттері: Жақсы мен жаман туралы түсінігін қалыптастыру. Бір-біріне жақсы тілектер айтуға жетелеу. Жақсылық жасауға тәрбиелеу.	1	6
19	Алтын балта	Міндеттері: Кейіпкердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге үйрету. Сөздік қорын жетілдіру. Әділдікке, адамгершілікке тәрбиелеу.	1	11
20	Бір уыс мақта	Міндеттері: Қоршаған орта туралы түсінігін кеңейту. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Үлкеннің ақылын тыңдай білуге тәрбиелеу.	1	13
21	Мысық, түлкі және әтеш	Міндеттері: Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Бауырмалдыққа, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.	1	18
22	Үш қыз	Міндеттері: Ертегіні интонациямен мазмұндауға үйрету. Сөздік қорын байыту. Ата-анасына қамқор болуға тәрбиелеу.	1	20
23	Әже	Міндеттері: Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Отбасын құрметтеуге тәрбиелеу.	1	25
24	Түлкі мен қоян	Міндеттері: Кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыруға үйрету. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Жануарларға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.	1	27

25	Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбай	Міндеттері: Алдаркөсе туралы түсінігін кеңейту. Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға үйрету. Жағымды мінез-құлық қалыптастыру.	1	2.12.2025
26	Көктем	Міндеттері: Көктем мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Табиғат өзгерістерін сезіне білуге баулу. Табиғатты қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу.	1	4
27	Наурыз	Міндеттері: Салт-дәстүр туралы түсінігін кеңейту. Ұлттық дәстүрге қызығушылығын дамыту. Ұлттық әдениетті құрметтеуге тәрбиелеу.	1	9
28	Наурызым	Міндеттері: -салт-дәстүр туралы түсінігін кеңейту; -ұлттық дәстүрге қызығушылығын дамыту; -ұлттық мәдениетті құрметтеуге тәрбиелеу.	1	11
29	Наурыzkөже	Міндеттері: Қазақтың ұлттық тағамдары туралы білімін кеңейту. Сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға дағдыландыру. Ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	16
30	Көктемнің сәні	Міндеттері: Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Сурет бойынша ертегі құрастыруға жетелеу. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	1	18
31	Мен ғарышкер боламын	Міндеттері: Ғарыш туралы түсінігін кеңейту. Өлеңді логикалық екпінді қолданып жаттауға баулу. Өзін бағалай білуге тәрбиелеу.	1	23
32	Ақкөжектің достары	Міндеттері: Кейіпкердің әрекетіне өз пікірін білдіруге баулу. Кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Достарын құрметтей білуге тәрбиелеу.	1	25
33	Киіз үй	Міндеттері: Киіз үй туралы түсінігін кеңейту. Көркем сөзге қызығушылығын арттыру. Халқымыздың салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	8.01.2026
34	Достық мерекесі	Міндеттері: Ынтымақтастық сөзінің мағынасын түсіндіру. Өлеңді есте сақтау қабілетін дамыту. Бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	13
35	Жеңіс күні	Міндеттері: Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Өлеңді жатқа айтуға ынталандыру. Елін, жерін сүюге, қорғауға тәрбиелеу.	1	15
36	Бала - біздің болашақ	Міндеттері: -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету.; -өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге айналасына жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту.	1	20
37	Ертегілер еліне саяхат.	Міндеттері:	1	22

		-сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру; -сөздік қорын байытуды жалғастыру; -аңғарымпаздыққа, сактыққа тәрбиелеу.		
38	Өс, ұлан!	Міндеттері: Қысқа өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға баулу. Денсаулық туралы ұғымын кеңейту. Денсаулығын сақтауға тәрбиелеу.	1	27
39	Қоянның үйшігі	Міндеттері: Ертегінің аяғын құрастыруға үйрету. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Кейіпкерге жанашырлығын танытуға тәрбиелеу.	1	29
40	Бексұлтанның Айға саяхаты	Міндеттері: Сурет бойынша әңгіме құрауға жетелеу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Қоршаған ортаны тани білуге тәрбиелеу.	1	3.02.20
41	Жемістер жыры	Міндеттері: Жемістер туралы түсінігін кеңейту. Басқалардың пікірін тыңдай білуге баулу. Бақылағыштыққа тәрбиелеу.	1	5
42	Бәрі де риза	Міндеттері: Әңгіменің жалғасын ойдан құрастыруға баулу. Сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	17
43	Бәрі де бар бақшада	Міндеттері: Өлең мазмұнын қайталап айтуға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. Балабақшада бір-бірімен тату болуға тәрбиелеу.	1	19
44	Ас атасы – нан	Міндеттері: Күзгі еңбек туралы түсінігін дамыту. Сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету. Нанды қастерлеуге тәрбиелеу.	1	24
45	Автобуста	Міндеттері: Әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Әдептілік, мәдениеттілік туралы білімін кеңейту. Үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	26
46	Қайтпай қалған қарлығаш	Міндеттері: Шығармадағы әрекеттердің дамуын қадағалауға баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	1	3.03.2026
47	Кітап – білім бұлағы	Міндеттері: Кітап туралы түсінігін кеңейту. Көркем сөзге қызығушылығын ояту. Кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	1	5
48	Бір атаның ұрпағы	Міндеттері: Әңгіме мазмұнын дұрыс қабылдауға үйрету. Әңгімені мазмұндап айтуға дағдыландыру. Табиғат сұлулығын сезінуге тәрбиелеу.	1	10
49	Айтыс	Міндеттері: Сахналық қойылымға қатысуға ынталандыру. Тіл байлығын жетілдіру. Қоршаған ортаны қорғай білуге тәрбиелеу.	1	12
50	Бірлік	Міндеттері: Кейіпкердің әрекетіне өз пікірін білдіруге жетелеу. Сөздік қорын байыту.	1	17

		Достыққа, бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу.		
51	Жұлдызды сәт	Міндеттері: Көркем сөзге қызығушылығын арттыру. Тапқырлыққа, жылдамдыққа баулу. Бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	31
52	Таңғажайып табиғат	Міндеттері: Табиғат сұлулығы туралы түсінігін кеңейту. Тапқырлыққа, жылдамдыққа баулу. Табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.	1	2.04.2026
53	Тышқан, ит және мысық	Міндеттері: Кейіпкерлерге жанашырлық танытуға жетелеу. Өз ойын жеткізіп айта білуге баулу. Жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.	1	7
54	Күз – жомарт	Міндеттері: Күз мезгіліндегі табиғат ерекшелігімен таныстыру. Сөздік қорын байыту. Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.	1	9
55	Бір аптада	Міндеттері: Ойын өлеңді жаттауға дағдыландыру. Есте сақтау қабілетін жетілдіру. Жағымды мінез-құлық қалыптастыру.	1	14
56	Құттықтаймын, анашым!	Міндеттері: Сұрақтарға түсініп жауап беруге үйрету. Мерекелік көңіл күйді сезіндіру. Анасына сүйіспеншілігін тәрбиелеу.	1	16
57	Еріншек егінші мен енбекқор құмырсқа	Міндеттері: Шығарма мазмұнын қайталап айтуға дағдыландыру. Кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.	1	21
58	Жантөре мен аққоян	Міндеттері: Өңгімені жалғастырып айтуға жетелеу. Сөздік қорын байыту. Қоршаған ортаны сүйе білуге тәрбиелеу.	1	23
59	Алматы метросы	Міндеттері: Метро туралы түсінігін тиянақтау. Өлеңді дұрыс қабылдауға баулу. Басқаның пікіріне құрметпен карауға тәрбиелеу.	1	28
60	Тұсау кесу	Міндеттері: Ауыз әдебиеті шығармаларына сүйіспеншілігін ояту. Ұлттық дәстүрге қызығушылығын дамыту. Ұлттық дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	30
61	Төлдердің айтысы	Міндеттері: Төлдер туралы түсінігін кеңейту. Бейнелеуде мәнерлілік құралдарын қолдануға үйрету. Төлдерге қамқор болуға тәрбиелеу.	1	5.05.2026
62	Тазалық пен ұқыптылық	Міндеттері: Тазалық, ұқыптылық туралы түсінігін кеңейту. Сұрақтарға толық жауап беруге жетелеу. Өзін-өзі күте білуге тәрбиелеу.	1	7
63	Ұл бала мен қыз баланың айтысы	Міндеттері: Айтыс туралы түсінігін кеңейту. Көркем сөздерді жатқа айтуға баулу. Бір-біріне сыйластыққа тәрбиелеу.	1	12
64	Отан	Міндеттері:	1	14

		Өлең сюжетінің дамуын қадағалауға үйрету. Сұраққа толық жауап беруге жетелеу. Отанын сүйуге, мақтан етуге тәрбиелеу.		
65	Көкек	Міндеттері: Сурет бойынша ертегі құрауына мүмкіндік беру. Тіл байлығын дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1	19
66	Торғайлар қуанышы	Міндеттері: Торғайлар туралы түсінігін кеңейту. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	1	21
67	Жыл басына таласқан жануарлар	Міндеттері: Жануарлар туралы білімін кеңейту. Ертегі сюжетін рөлге бөліп мазмұндауға үйрету. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	1	26
68	Қараторғайдың ұясы	Міндеттері: Сюжет желісін сақтап мазмұндауға үйрету. Әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Табиғатқа, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.	1	28
68 сағат				

ТҮСІНІКТЕМЕ

«**Сауат ашу негіздері**» оқу-әдістемелік кешені (бұдан әрі – ОӘК) төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалды:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыргүйектегі № 394 бұйрығына 2-қосымша)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша).

Сауат ашу негіздері бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің мақсаты:

Балаларға әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.

Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен анықтау.

Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.

Сөйлем туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіру. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.

Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелердің тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылды орындап, сызықтарды үзбей салуға үйрету.

Бұл орайда **ОӘК-нің басты мақсаты** – қойылған міндеттерді шешу үшін тиімді әдістер- тәсілдер мен технологияларды анықтау.

«**Сауат ашу негіздері**» оқу-әдістемелік кешенінің құрамы:

Педагогтерге арналған әдістемелік құрал; № 1, 2, 3 жұмыс дәптерлері;

Үлестірмелі материалдар.

Әдістемелік құрал төмендегі бөлімдерді қамтиды:

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары.

Ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған жоспары.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жоспары келесі бөлімдер арқылы жүргізіледі:

бірінші бөлім – *Ұйымдастыру кезеңі* (өтілетін тақырып бойынша жағымды сәт туғызу, ұйымдастырылған іс-әрекетке эмоциялық оң көзқарастарын құру);

екінші бөлім – *Негізгі бөлім* (сабақтың мақсаттары мен міндеттерін шешуге бағытталған әдістерді, тәсілдерді және оқыту құралдарын ұсынады);

үшінші бөлім – *Қорытынды бөлім. Рефлексия* (өзін-өзі бағалауды және қоштасу рәсімдерін ойын арқылы жүргізу).

Бұл қойылым педагогке іс-әрекетін нақты жоспарлауға, әр кезеңге сәйкес әдістемелерді, дидактикалық материалдарды таңдауға, сонымен қатар оқу үдерісі нәтижесінде баладан келесі нәтижені күтуге мүмкіндік береді:

Нені білгенін (танымдық аспект) толықтырады (біледі).

Мотивациялық және ынталандыру қатынастарын түсінеді (тәрбиелік аспект).

Білімді, білікті және дағдыларды қолданады (қалай қолдану керектігін біледі) (дамытушы аспект).

Бұл әдістемелік жүйе іс-әрекеті ойын әдістеріне негізделген сауаттылық негіздерін оқыту курсы ретінде жасалды.

Ойын – жетекші іс-әрекет, мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуының алғышарты және оларды тәрбиелеу мен оқытудың негізгі құралдарының бірі. Ойын процесінде баланың ақыл-ойын қалыптастыру, дамыту және жетілдіру үшін, қолайлы жағдайлар жасалады, танымдық міндеттер ойын тапсырмаларына айналады. Ал баланың қызығушылығы – сабаққа қатысу уәжі (мотиві).

Құралда ұсынылған дидактикалық ойындар мен жаттығулар заманауи дамытушы әдістемелерден алынды. Іс-әрекеті барысында бала – тыңдаушы емес, тікелей қатысушы. Міне, әдістемелік құрал осындай жаңа тәсілдемесімен ерекшеленеді. Дидактикалық ойындар, жаттығулар, логикалық тапсырмалар мен ойын жағдайлары арқылы балалар ой қорытуды, шығармашылықпен ойлауды, сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгереді.

Жұмыс дәптерінде қолданылатын әртүрлі тапсырмалар жинақталған. Тапсырмалар аясы өте кең: олар тәрбиеленушілердің ойлауын, талдау жасай білуін, қорытынды жасауын белсендіреді, жүйелік ойлауды дамытады. Әртүрлі деңгейдегі, мысалы, *дыбыстың сөздегі орнын анықтау, буынның сөздегі орнын анықтау, дыбыстық талдау жүргізу, сөздерге керекті сызбаны таңдау, сөздерді буынға бөлу, екпінді дыбысты анықтау, сызбаға сәйкес сөйлемдер құрау, берілген суретке мазмұны бойынша сөйлемдер құрау, суретте берілген дыбыстардан басталатын суреттерді атау, штрихтау, бояу, бастыру, үлгіге қарап, жалғастырып жазу* деген секілді тапсырмалар берілді. Осы аталған тапсырмаларды орындау барысында балалар өз Отанын, табиғатын сүйуге, құрметтеуге, қамқор болуға, өз елінің салт-дәстүрін, халық ауыз әдебиетін білуге тәрбиеленеді.

Бұл құрал педагогтерге «Сауат ашу негіздері» бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізуге көмектеседі деп сенеміз. Сізге толағай табыстар тілейміз.

**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫПТАРЫНДАҒЫ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС - ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ
КҮНТІЗБЕЛІК - ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ
2025-2026 оқу жылы**

«Сауат ашу негіздері»

Апталық жүктеме 3 сағат, жылдық жүктеме 102 сағат

Алматы «Алматыкітап баспасы» 2024ж.

Авторлары: Г. Ж. Тұрсынбаева

Р/с	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі
1	Дыбыс	Міндеттері: 1. Табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру. 2. Көрсетілген бағыттары бойынша үзік сызықтарды қосып дұрыс бастыра білуге үйрету. 3. Ұқыптылыққа, бастаған жұмысын тиянақты аяқтауға тәрбиелеу.	1	1.09.2025
2	Дыбыс пен сөз	Міндеттері: 1. Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру. 2. Екі, үш, төрт дыбыстан тұратын сөздер ойлату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту. 3. Ұқыптылыққа, бастаған істі аяқтай білуге баулу.		3
3	Сөз	Міндеттері: 1. Сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру. 2. Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, ажырату арқылы зейіндері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. 3. Таза, әдемі жазуға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.		5
4	Сөз. Сөздің мағынасы	Міндеттері: 1. Балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне білуге үйрету. 2. Сөз сызбасымен таныстыру арқылы фонематикалық есту, есте сақтау қабілеттері мен саусақ бұлшық еттерін дамыту. 3. Ұқыпты болуға, өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу.		8
5	Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?	Міндеттері: балалардың сөздің лексикалық мағынасын ажыратып, берілген дыбысқа сөз ойлап, оны дауыс ырғағымен айта білуге жаттықтыру. 2. Қысқа және ұзын сөздерді ажырату арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. 3. Ұқыптылыққа, өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу.		10
6	Дауысты дыбыстар	Міндеттері: 1. Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. 2. Дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. 3. Өз бетімен тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу.		12
7	Дауысты дыбыстар	Міндеттері: 1. Дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып, тілдерін жаттықтыру. 2. Жүйелі сөйлей білулерін, ойлау қабілеттерін, сурет бойынша әңгімелей білу дағдыларын дамыту. 3. Жазу жұмыстары арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.		15
8	Дауысты дыбыстар	Міндеттері: 1. Дауысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру. 2. Жаңа сөздердің мағыналарын ашу арқылы логикалық ойлау қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. 3. Жазу барысында эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.		17
9	Дауысты дыбыстарды бекіту	Міндеттері: 1. Сөздегі дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту. 2. Дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажыратуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту.		19

		3. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.		
10	Дауыссыз дыбыстардың жасалуы	Міндеттері: 1. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілеттерін дамыту. 2. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру. 3. Жазу барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдыландыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.		22
11	Біз нені үйрендік?	Міндеттері: 1. Жаңылтпаштарды жаңылмай жылдам айтуға дағдыландыру. 2. Сұрақ-жауап әдісі арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге жаттықтыру. 3. Мұқияттылыққа тәрбиелеу.		24
12	Біз нені үйрендік, нені білдік?	Міндеттері: 1. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру. 2. Тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. 3. Білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу.		26
13	Дауыссыз дыбыстар	Міндеттері: 1. рДауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. 2. Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. 3. Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге тәрбиелеу.		29
14	Дауыссыз дабыстар	Міндеттері: 1. Дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. 2. Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. 3. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.		1.10.2025
15	Дауыссыз дыбыстар	Міндеттері: 1. Дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету. 2. Дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. 3. Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.		3
16	Біз нені үйрендік, нені білдік?	Міндеттері: 1. Дауыссыз дыбыстарды есте сақтауға жаттығулар жасату, дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. 2. Дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. 3. Ұжым болып жұмыс істеуге тәрбиелеу.		6
17	Дыбыстар әлемі	Міндеттері: 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру. 2. Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру. 3. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.		8
18	Буын	Міндеттері: 1. Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету. 2. Сөздердің лексикалық мағынасына мән бергізу арқылы логикалық ойларын дамыту. 3. Ұқыптылыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу.		10
19	Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз	Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлуді үйретуді жалғастыру. 2. Суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. 3. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.		13
20	Буынға бөлейік	Міндеттері: 1. Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету. 2. Сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру. 3. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.		15
21	Ойнай отырып оқимыз	Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру. 2. Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту. 3. Шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу.		17

22	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру. 2. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды сәйкес қызыл, көк түстермен белгілей алу қабілеттерін дамыту. 3. Тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.		20
23	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту. 2. Сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту. 3. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.		22
24	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту. 2. Графикалық жұмысты орындау кезінде әртүрлі құрылымды сызықтарды өрнек бойынша, сұлба бойымен қолды көтермей, үзбей жаза білу қабілеттерін дамыту. 3. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.		24
25	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру. 2. Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту. 3. Тиянақты және мұқият болуға тәрбиелеу.		3.11.2025
26	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. 2. Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. 3. Дербес жұмыс істеу алуға еңбекқорлыққа тәрбиелеу.		5
27	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру. 2. Дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту. 3. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа зиян екенін түсіндіріп, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.		7
28	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру. 2. Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту. 3. Артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу.		10
29	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру. 2. Дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру. 3. Тапсырмаларды орындату арқылы талаптану, іздену секілді қасиеттерін тәрбиелеу.		12
30	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту. 2. «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны арқылы логикалық ойлауларын дамыту. 3. Шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу арқылы еңбекқорлыққа тәрбиелеу.		14
31	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру. 2. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту арқылы сөз құрап, сол сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. 3. Ұсақ қол моторикасына арналған тапсырмаларды орындату арқылы шыдамдылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.		17
32	Сөздерді буынға бөлеміз	Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету. 2. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. 3. Дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу.		19
33	Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу	Міндеттері: 1. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. 2. «Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту. 3. Білімпаз болуға тәрбиелеу.		21

34	Дыбыстың сөздегі орны	Міндеттері: 1. Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету. 2. Берілген буынға сөз құрап, сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. 3. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.		24
35	Ойнай отырып оқимыз	Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту. 2. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту. 3. Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту.		26
36	Біз нені үйрендік, нені білдік?	Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. 2. Сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру. 3. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.		28
37	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету. 2. Суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту. Дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу.		1.12.2025
38	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру. 2. Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. 3. Дербес жұмыс істеу алуға және әрқашан ақжарқын жүруге тәрбиелеу.		3
39	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату. 2. Өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру. 3. Мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.		5
40	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру. 2. Буынға бөлгізу арқылы, буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. 3. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.		8
41	Сөйлем	Міндеттері: 1. Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету. 2. Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту. 3. Ойын арқылы көшбасшы болуға тәрбиелеу.		10
42	Сөйлем сызбасы	Міндеттері: 1. Сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету. 2. Сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту. 3. Басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.		12
43	Сөйлем құрау	Міндеттері: 1. Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту. 2. Сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру. 3. Дербес жұмыс істей алуға және шыдамдылыққа тәрбиелеу.		15
44	Ойнай отырып оқимыз	Міндеттері: 1. Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру. 2. Сөзді дыбыстық талдай алу дағдыларын бекіту. 3. Көлік түрлерінің пайдасын айта отырып, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.		17
45	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру.		19

		2. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту. 3. Мамандық түрлерімен таныстыру арқылы әр мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.		
46	Біз нені үйрендік, нені білдік?	Міндеттері: 1. Сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру. 2. Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын жетілдіру. 3. Қайырымды болуға тәрбиелеу.		22
47	Біз нені үйрендік? Нені білдік?	Міндеттері: 1. Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру. 2. <i>Қайырымдылық, қамқорлық</i> сөздерінің мағынасын түсіндіру арқылы ақыл-ойларын дамыту. 3. Мамандық түрлерімен таныстыру арқылы еңбек етуге тәрбиелеу.		24
48	Біз сөйлем құрай аламыз	Міндеттері: 1. Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру. 2. Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. 3. Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін түсіндіре отырып, табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу.		26
49	Біз нені үйрендік, нені білдік?	Міндеттері: 1. Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту. 2. Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту. 3. Ересектердің айтқанын мұқият тыңдауға тәрбиелеу.		9.01.2026
50	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту. 2. Графикалық жұмысты орындау кезінде фонематикалық естуді, сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды, ұсақ қол моторикасын дамыту. 3. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.		12
51	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. 2. Сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. 3. Салт дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.		14
52	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту. 2. Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін, есте сақтауларын дамыту. 3. Ұйымшыл болуға тәрбиелеу.		16
53	Сөздің дыбыстық сызбасы	Міндеттері: 1. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарға сөз ойлап айта білуге жаттықтыру. 2. Сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. 3. Кез келген тапсырманы ұқыпты орындауға тәрбиелеу.		19
54	Біз нені үйрендік?	Міндеттері: 1. Сызба бойынша сөйлем құрауларын жетілдіру, сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру. 2. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру. 3. Штрихтау, үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы шыдамдылыққа тәрбиелеу.		21
55	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. 2. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру. 3. Үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы эстетикалық талғамдарын және бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.		23
56	Ойнай отырып оқимыз	Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру. 2. Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.		26

		3. Ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.		
57	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру. 2. Суреттерден дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып сөйлем құрату, қатан, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың анықтату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. 3. Әрқашан ақжарқын жүруге тәрбиелеу.		28
58	Біз нені үйрендік?	Міндеттері: 1. Сөйлем құрай білулерін, сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру. 2. Буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы және де дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлауларын дамыту. 3. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.		30
59	Біз нені білдік?	Міндеттері: 1. Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру. 2. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы есте сақтауларын мен зейіндерін дамыту. 3. Достыққа тәрбиелеу, өнерге баулу.		2.02.2026
60	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Сөздерге дыбыстық талдау жасау, суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру, сөзге буын жалғап сөз құрауды жалғастыру. 2. Сызбадан дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы шапшаң ойлары мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. 3. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.		4
61	Сөйлем құрай білеміз	Міндеттері: 1. Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру. 2. Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы саусақ бұлшық еттерін дамыту. 3. Ұқыптылыққа, досқа адал болуға тәрбиелеу.		6
62	Біз нені білдік?	Міндеттері: 1. Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру. 2. Сөйлемдегі сөздің орнын анықтауға, берілген дыбысқа сөз ойлап айтуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту. 3. Өнерлі болуға тәрбиелеу.		16
63	Біз нені үйрендік, нені білдік?	Міндеттері: 1. Сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. 2. Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. 3. Театрда өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру арқылы мәдениетті болуға тәрбиелеу.		18
64	Біз нені үйрендік, нені білдік?	Міндеттері: 1. Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру. 2. Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. 3. Жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу.		20
65	Дыбыстық талдау	Міндеттері: 1. Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту. 2. Дыбыстық сызба мен оған сәйкес суретті сәйкестендіруге, сөздерді буынға бөлгізуге жаттықтыру арқылы ақыл-ойларын дамыту. 3. Спортпен айналысу адам денсаулығы үшін пайдалы екенін ұғындыру.		23
66	Біз нені үйрендік?	Міндеттері: 1. Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, берілген буыннан басталатын сөз ойлап айтуға, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту. 2. Сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы есте сақтау және логикалық ойлауларын дамыту.		25

		3. Тағамның пайдасы, олардағы ағзасына қажетті дәрумендер туралы түсіндіре отырып, дұрыс тамақтанудың пайдасын ұғындыру.		
67	Біз нені үйрендік?	Міндеттері: 1. Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру. 2. Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту. 3. Спортпен айналысу қажеттігін түсіндіру арқылы салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.		27
68	Біз не білеміз?	Міндеттері: 1. Сызба бойынша сөйлем құрауға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру. 2. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. 3. Балаларға тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру арқылы әдепті болуға тәрбиелеу.		2.03.206
69	Үйренгендерімізді қайталаймыз	Міндеттері: 1. Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту. 2. Сәйкестендіре білуге, буынға бөлуге, дыбыстардың түрлерін есте сақтауға жаттығулар жасату арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. 3. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.		4
70	Біз нені үйрендік, нені білдік?	Міндеттері: 1. Дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіруге арналған тапсырма арқылы дыбыс туралы білімдерін бекіту. 2. Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру. 3. Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы мұқият жұмыс істеуге тәрбиелеу.		6
71	Біз нені үйрендік?	Міндеттері: 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту, буыннан сөз құрауды, сөзді буынға бөлуді жетілдіру. 2. Сөйлем құрауға, сөйлемнен бірінші, екінші, үшінші сөздерді таба білуге, сөйлемнің сызбасын сыза білуге жаттықтыру арқылы есте сақтауларын дамыту. 3. Нүктелердің үстімен суретті бастыру жұмысы арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.		9
72	Біз нені үйрендік, нені білдік?	Міндеттері: 1. Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзын- және қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру. 2. Сөздің сызбасын дұрыс тауып қоса білуге, сөйлем сызбасын сызу секілді дағдыларын бекіту. 3. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.		11
73	Буынға бөлу	Міндеттері: 1. Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету. 2. Сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды. 3. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.		13
74	Сөз және сөйлем	Міндеттері: 1. Сурет бойынша сөйлем құрастыруға, байланыстырып сөйлеуге үйрету. 2. Сұрақтарға жауап беруде өз ойын дұрыс жеткізе білуге баулу. 3. Сөзді естіп оны есте сақтай алу қабілеттерін дамыту.		16
75	Сөйлемді аяқта	Міндеттері: 1. Дамыту ойындарын ойната отырып игерген білімдерін бекіту. 2. Сөйлем ойлап табуына назар аудару, сөздік қорларына мән беру. 3. Ұғымталдыққа тәрбиелеу.		18
76	Сөйлемдегі сөздердің реті	Міндеттері: 1. Сөйлемдегі сөздердің ретін дұрыс қойып, сөйлем құрауға үйрету. 2. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. 3. Дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу.		30
77	Буындарды қосып, сөз құра	Міндеттері: 1. Берілген суреттің бірінші буындарды қосып ауызша сөз құрау дағдыларын меңгерту. 2. Сөздегі дыбыстың орнын анықтауды дамыту. 3. Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту.		1.04.2026
78	Буындарға буын	Міндеттері: 1. Сурет атауларының бірінші буындарын қосып сөз құрай білулерін дамыту.		3

	қосу	2. Дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату. 3. Өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру.		
79	Сөйлемдегі сөздердің реті мен санын анықтау	Міндеттері: 1. Суретке байланысты белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту. 2. Сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру. 3. Дербес жұмыс істей алуға және шыдамдылыққа тәрбиелеу.		6
80	Сөйлемдегі сөздердің реті мен санын анықтау	Міндеттері: 1. Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздердің реті мен санын және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру.		8
81	Буындардың орнын анықта	Міндеттері: 1. Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету. 2. Сөздерді буынға бөліну арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру. 3. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.		10
82	Буындардың орнын анықта	Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру. 2. Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту. 3. Шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу.		13
83	Суреттердегі заттарды атау	Міндеттері: 1. Балалардың сөздік қорын, фонетика, фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілікпен тез әрекет етуге үйрету. 2. Тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.		15
84	Буынға буын қос	Міндеттері: 1. Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту. 2. Сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту. 3. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.		17
85	Буындардан сөз құра	Міндеттері: 1. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту. 2. Графикалық жұмысты орындау кезінде әртүрлі құрылымды сызықтарды өрнек бойынша, сұлба бойымен қолды көтермей, үзбей жаза білу қабілеттерін дамыту. 3. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.		20
86	Буындардан сөз құра	Міндеттері: 1. Буындардан сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. 2. Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту. 3. Тиянақты және мұқият болуға тәрбиелеу.		22
87	Сөздегі дыбыстың орны	Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. 2. Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс, буын туралы алған білімдерін пысықтау. 3. Дербес жұмыс істеу алуға еңбекқорлыққа тәрбиелеу.		24
88	Буынның орнын анықтау	Міндеттері: 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру. 2. Дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту. 3. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа зиян екенін түсіндіріп, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.		27
89	Сөздерді дыбыс пен буын	Міндеттері: 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру. 2. Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту. 3. Артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу.		29
90	Сөздегі дыбыс пен буын орны	Міндеттері: 1. Сөздегі дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру. 2. Дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру. 3. Тапсырмаларды орындату арқылы талаптану, іздену секілді қасиеттерін тәрбиелеу.		1.05.2026
91	Дыбыстардың	Міндеттері: 1. Дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту.		4

	санын анықтау	2. Ойындар арқылы логикалық ойлауларын дамыту. 3. Шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу арқылы, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.		
92	Буындардың орнын анықтау	Міндеттері: 1. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру. 2. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін, сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. 3. Ұсақ қол моторикасына арналған тапсырмаларды орындату арқылы шыдамдылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.		6
93	Сөздегі дыбыстардың реті мен саны	Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету. 2. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. 3. Дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу.		8
94	Буын мен сөз	Міндеттері: 1. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. 2. «Буын сызбасын дәл тап» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту. 3. Білімпаз болуға тәрбиелеу.		11
95	Дыбыс пен буынның сөздегі орны	Міндеттері: 1. Балаларды дыбыстың, буынның сөздегі орнын таба білуге үйрету. 2. Берілген буынға сөз құрап, сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. 3. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.		13
96	Дыбыс пен буын	Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту. 2. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту. 3. Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту.		15
97	Біз нені үйрендік, нені білдік?	Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. 2. Сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру. 3. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.		18
98	Біз нені білдік?	Міндеттері: 1. Сөз, сөйлем туралы ұғымдарын кеңейту. 2. Дыбыстарды дұрыс тыңдап оларды ретімен қосуға жаттығулар жасату. 3. Дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу.		20
99	Сөйлемдегі сөздердің санын, ретін анықта	Міндеттері: 1. Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру. 2. Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. 3. Дербес жұмыс істеу алуға және әрқашан ақжарқын жүруге тәрбиелеу.		22
100	Мағыналы буындар	Міндеттері: 1. Буынға буын қосып сөз құрауларын пысықтау. 2. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату. 3. Өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру		25
101	Буынға буын қосу	Міндеттері: 1. Буын саны мен ретін анықтау буындарды қосып сөз құрауларын пысықтау. 2. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру. 3. Сөздердің көпше түрін меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.		27
102	Сөйлем	Міндеттері: 1. Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету. 2. Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту. 3. Ойын арқылы көшбасшы болуға тәрбиелеу.		29
Барлығы: 102				

Түсініктеме

«Математика негіздері» оқу-әдістемелік кешені (ОӘК) мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалды:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 2022 ж. 03.08. № 348 бұйрығымен бекітілген). Осы стандарт Қазақстан Республикасында мектепке дейін және мектепалды оқытудың жаңа әдіснамалық негіздерін белгілейді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР ОАМ 2022 ж. 09.09. № 394 бұйрығымен бекітілген).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР ОАМ 2022 ж.14.10. № 422 бұйрығымен бекітілген).

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс- әрекеті арқылы іске асырылады.

Мақсаты: балалардың қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту, коммуникативтік- танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды дамыту.

Міндеттері:

танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру; зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту; балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу; математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.

Күтілетін нәтижелер:

жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құрады;
жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіреді;
10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі;
«Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажыратады, оларға дұрыс жауап береді;
теңсіздіктен теңдік немесе теңдіктен теңсіздік шығарады;
әртүрлі белгілері бойынша заттарды салыстыра алады (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы);
заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтайды;
заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастырады;
заттарды салыстыруда беттестіру, қасына қою және жұппен салыстыру тәсілдерін қолданады;
геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратады және атайды;
қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтайды;
қағаз бетінде бағдарлай біледі, апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атайды;
заттарды кеңістікте орналастырады, қозғалыс бағыттарын біледі;
пазлдарды жинайды, логикалық ойын тапсырмаларын орындайды;
түрлі сызықтар салады.

Математика негіздері. Мазмұны:

Жиын

Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.

«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.

Сан және санау

10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0-ден 9-ға дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.

10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.

Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.

Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.

Шама

Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.

Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.

Беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.

Геометриялық фигуралар

Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.

Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.

Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру,

8 – 10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.

Кеңістікте бағдарлау

Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.

Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.

Уақытты бағдарлау

Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Ай атаулары, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.

Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен», «содан кейін», «бұрын», «кейінірек») анықтау.

Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.

Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің торкөзінде сызуға үйретеді.

Біліктер мен дағдылардың тізбесі Мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы)

мектепалды сынып (5 жастағы балалар)

10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі;

заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстырады;

геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата біледі;

заттарды қарастырып, олардың қасиеттері мен белгілерін анықтайды.

5 жас – мектепке дейінгі балалардың танымын дамытудың жаңа сатысы. Бұл жаста балалардың танымдық жүйесі белсенді түрде дамиды. Бала бізді қоршаған ортадағы заттардың бәрінің арасында белгілі бір байланыс барын, олардың бір-біріне тәуелділігін түсіне бастайды. Сондықтан дәл осы уақытта баланың қоршаған орта мен әлемдегі құбылыстар туралы ұғымын реттеуге және толықтыруға, қалыптасуына көмектесу қажет.

5 жастағы баланың танымдық дүниесін дамыту ісінің міндеттері:

баланың қоршаған орта туралы ұғымының молаюына және кеңеюіне ықпал ету;

логикалық операциялардың (талдау, салыстыру, жинақтау, жіктеу) көмегімен алынған және жинақталған мәліметтерді жүйелендіру;

балалардың бойында айнала қоршаған ортаға ұқыпты, байыпты көзқарас қалыптастыру.

Осы аталған міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін педагогтер төмендегі жайттарға көңіл бөлгені абзал:

баланың танымдық белсенділігінің мәні;

баланың танымдық іс-әрекетін басқару тәсілдері мен әдістері;

заттық-дамыту ортасын қалыптастыру.

«Математика негіздері» оқу әдістемелік кешенінің құрамы:

Педагогтерге арналған әдістемелік құрал (электрондық нұсқа).

№ 1, 2, 3 жұмыс дәптері.

Үлестірмелі материалдар.

Әдістемелік құрал төмендегі бөлімдерді қамтиды:

перспективалық жоспар;

ұйымдастырылған іс-әрекетінің үлгі жоспарлары;

ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған қосымша материалдар.

Жұмыс дәптеріндегі тапсырмалар жаңа тақырыпты бекітіп, оны балалардың қаншалықты түсінгенін тексеруге және өткенді пысықтауға бағытталған. Жұмыс дәптерін құрастыру барысында 5 жастағы балалардың жас ерекшеліктері де ескерілді. Тапсырмалар логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді дамытуға; талдау, қорытынды жасау қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді. Түсінікті және танымдық түрлі түсті иллюстрациялар балалардың іс-әрекетке қызығушылықтарын оятады.

Үлестірмелі материалдар балалардың фронталды және жеке жұмысын ұйымдастыруға көмектеседі. Парақ нөмірлері ұйымдастырылған іс-әрекетінің жоспарларында көрсетілген. Педагог оларды басқа ұйымдастырылған іс-әрекетінде де пайдалана алады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

5 жастағы балаларды математика негіздеріне оқытудың бұл әдістемесінің мақсаты – танымдық іс-әрекетке қабілетті, айнала қоршаған ортаның біртұтастығын түсінетін және ақпаратты өмірлік маңызы бар проблемаларды шешуге қолдана білетін тұлға ретінде қалыптастыру.

Қазіргі балалар түрлі дерек көздерінен келіп түсіп жатқан жан-жақты ақпарат ғасырында; компьютерлендіру заманында; ата-аналар өз балаларына цифрларды, санау мен есеп шығаруды мүмкіндігінше ертерек үйретуге тырысатын кезеңде өмір сүріп жатыр. Осындай жағдайда балабақшалардың жоғарғы тобындағы балаларда математика негіздері ұғымдарын қалыптастырудың маңызы арта түседі.

Бұл әдістемелік жүйе ойын тәсілінде және пәндік-даму ортасын зерттеуге негізделген математика негіздерін оқыту курсы ретінде жасалған.

Ойын – бұл жетекші іс-әрекет, мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуының алғышарты және оларды тәрбиелеу мен оқытудың негізгі құралдарының бірі.

Ойын барысында баланың психикалық процестерін қалыптастыру, дамыту және жетілдіру үшін қолайлы жағдайлар жасалады, танымдық міндеттер ойын тапсырмаларына айналады, ал ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысу мотиві – баланың қызығушылығы болады. Құралда ұсынылған дидактикалық ойындар мен жаттығулар заманауи даму әдістерінен алынған, ұйымдастырылған іс-әрекетіне материал берудің жаңа тәсілімен ерекшеленеді, онда

бала тек тыңдаушы емес, тікелей қатысушы да болады.

Дидактикалық ойындар, жаттығулар, логикалық тапсырмалар мен ойын жағдайлары арқылы балалар шығармашылықпен ойлауға, математикалық терминдерді меңгеруге үйренеді. Мектеп жасына дейінгі

балаларды оқытудың табысты болуы ұсынылып отырған материалдың мазмұнына және көбінесе оның берілу тәсіліне байланысты. Математика негіздеріне бағытталған оқу іс-әрекеті баланың қарапайым бақылаушыдан белсенді қатысушыға айналуына ықпал ету. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің тәсілдері белгіленген міндеттерге қарай өзгеріп отыруы тиіс. Сондықтан ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізудің әртүрлі нұсқаларын іздестірген жөн.

Мектеп жасына дейінгі балаларды білімге қалыптастыруға бір ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы 20 – 25 минутты құрайды.

Жаңа материалды игеруді баланың білімін белсендіруден бастау қажет. Ол ойын түріндегі жаттығулар түрінде ұйымдастырылады және 2–5 минут уақытты алады.

Педагог ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің негізгі бөлігін ойын элементтерімен кезектестіріп отырады. Бірдей жаттығулар санын 2–3-ке дейін қысқартамыз. Балалардың шаршағаны біліне бастаған кезде сергіту сәтін өткіземіз. Әдетте ол оқу іс-әрекетінің 12–14-ші минутында өткізіледі. Оның мазмұны мүмкіндігінше ұйымдастырылған іс-әрекетінде атқарылатын жұмыспен байланысты болғаны дұрыс.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің соңында балалардың бүгін не үйренгені, нені білгені туралы есеп беруге үйрету қажет. Бұл балалардың өз білімі мен әрекетін дұрыс бағалау қабілетін дамытады.

Педагог жұмыс барысында оқытудың көрнекі, ауызша және тәжірибе түріндегі әдіс-тәсілдерін кешенді түрде қолданады. Балалар педагог берген танымдық тапсырманы түсінеді және берілген тапсырма бойынша әрекет етеді, яғни тапсырма беру арқылы балалардың танымдық белсенділігін оятамыз. Бұл жастағы балалардың бойында ақыл-ой операцияларын (талдау, синтез, салыстыру, жинақтау) дамытуға көбірек көңіл бөлу қажет. Балалар бұл операцияларды көрнекі материалдарға сүйене отырып орындайды. Бұл топта көрнекі құралдардың түрлері де көбейеді. Иллюстрациялық материалдар ретінде ойыншықтар мен айналадағы заттарды да қолдана береді. Сонымен қатар суреттермен, заттардың түрлі түсті және контурлық суреттерімен, геометриялық пішіндермен көбірек жұмыс істеу керек.

Математика негіздерін қалыптастыру барысында ауызша тәсілдердің рөлі артады. Педагог балалар білетін және олардың қолынан келетін дүниелерге сүйене отырып, жұмыстың жаңа тәсілдерін көрсету қажеттігін ескеріп отыруы тиіс. Қойылатын сұрақтар балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетінде белсенділік танытып, өз бетінше жауап бере алатынын көрсетуге және белгілі бір тапсырманың түрлі шешу жолдарын іздестіруге итермелейді.

Педагог балаларға белгілі бір математикалық байланыстар мен қарым-қатынастарды әртүрлі тәсілдермен сипаттауды үйретеді. Сөйлеу барысында жаңа амал түрлерін пысықтау айтарлықтай маңызға ие.

Үлестірмелі материалдармен жұмыс істеу барысында педагог балалардан белгілі бір нәрсені не үшін және қалай істеп жатқанын кезек-кезек сұрап отырады. Балалар өздері жасаған іс-қимылдарды сөзбен сипаттап беруді, оның мәнін ұғынуды үйренеді. Кез келген тапсырманы орындағаннан кейін балаларға сұрақ қойылады. Балалар нені қалай істегенін айтады және одан не пайда болғанын түсіндіреді.

Ойлау мәдениетін дамыту, таным, шыдамдылық, зейін және өзіне деген сенімділік процесін ерікті түрде реттеу үшін әртүрлі тапсырмалар мен ойындарды қолдануға болады. Мысалы, балаға тапсырманы орындау үшін өзінің әрекетін жоспарлауды, басқатырғыштар мен тапсырмаларды шешуді, балалардың ойлау, зейін және өзіне деген сенімділік дағдыларын дамыту үшін өзінің жеке әңгімелері мен диалогтерін құруды ұсынуға болады. Сондай-ақ балаларды олардың жетістіктеріне ынталандыру және оларды оқу процесінде қолдау маңызды, осылайша олар математиканы одан әрі үйренуге жағымды эмоциялар мен мотивацияны сезінеді.

Математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекетінде 5 жастағы баланың қолының ұсақ моторикасын дамыту бірнеше шарттарға байланысты:

ойын ұйымдастырылған іс-әрекетінің сипаты: сурет салуды, мүсіндеуді, киюды, желімдеуді қамтитын ойын тапсырмалары мен жаттығулары қолдың ұсақ моторикасын дамытуға көмектеседі;

ұйымдастырылған іс-әрекетінің тұрақты өтуі: үнемі өтетін ұйымдастырылған іс-әрекеті баланың қолының ұсақ моторикасын дамытуға көмектеседі;

әртүрлі материалдар мен құралдарды қолдану: құм, саз, бояулар сияқты әртүрлі материалдарды, сондай-ақ қарындаштар, маркерлер, шеткалар сияқты құралдарды қолдану қолдың ұсақ моторикасын дамытады;

тапсырмалардың біртіндеп күрделенуі: қолдың ұсақ моторикасын дамытуға және қолмен сурет салуға, басқа әрекеттер дағдыларын жақсартуға көмектеседі.

жеке қарым-қатынас: әрбір жеке балаға қарым-қатынас жасау педагогке қолдың ұсақ моторикасының даму деңгейін анықтауға және оны одан әрі дамыту үшін тиісті тапсырмалар мен жаттығуларды тандауға көмектеседі.

Математика негіздері іс-әрекетінде 5 жастағы баланың қолының ұсақ моторикасын дамытуға көмектесетін ойындар мен тапсырмаларға мыналар жатады:

геометриялық фигураларды салу;

конструкторлар және шағын санау материалымен ойындар («Лего» немесе басқа конструкторлар сияқты ұсақ бөлшектерден конструкцияларды жинау қажет болатын тапсырмалар);

пішіндер мен түстердің үйлесімі (пішіні мен түсі бойынша жіктелуі, фигура мен пішіндердің үйлесімі, әртүрлі үлгілер мен комбинацияларды жасау);

бояу (әртүрлі түстерді қолдана отырып, әртүрлі үлгілерді, мозайкаларды, сызбаларды бояйтын тапсырмалар);

жіппен және моншақтармен/түймелермен жұмыс (бала моншақтардан/түймелерден тізбектер тізу үшін жіпті қолданатын тапсырмалар);

заттармен манипуляциялау (ұсақ заттарды төсеу тапсырмалары (түймелер, текшелер, қағаз фигуралармен белгілі бір пішіндер мен комбинациялар жасауға);

-қалың қағазбен жұмыс (бала қалың қағаздан пішіндерді кесіп, содан кейін оларды әртүрлі комбинацияларда біріктіріп, өрнектер мен суреттер жасайтын тапсырмалар);

цифрлар мен фигураларды мүсіндеу;

балалар «жолақтың үстімен жүруді» (цифрдың контурымен) ауада жазады.

Жиын

Кішкентай кезінен бастап баланың санасында бірдей және әртүрлі заттардан тұратын жиынтықтар туралы ұғым қалыптаса бастайды. Заттар жиынтығының санын анықтау жолдарын біледі. Заттар мен құбылыстар жиынтығының дұрыс қабылдануына қоршаған орта (көптеген адамдар, таныстар мен таныс емес жандар, көз алдында қозғалып жататын заттар, біркелкі қайталанатын дыбыстар) көмектеседі. Заттар мен құбылыстардың көптігін бала есту, көру және кинестетикалық анализаторлар арқылы қабылдайды.

Балаларды оқыту әдістемесі келесі кезеңдерді қамтиды:

«Жиын» ұғымымен танысу: «жиын» терминін және оның элементтерін (заттарын) түсіндіру, жиынға байланысты мысалдар көрсету.

Жиынды құру: жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру.

Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату.

Жиындардағы қатынастарды анықтау: жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.

«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.

Осы мақсаттарға жету үшін ойындар мен жаттығуларды қолдануға болады, мысалы, заттарды әртүрлі белгілерге жіктеу және сұрыптау, әртүрлі элементтерден жиындар құру, жиындарды бөлу және біріктіру, жиындардың әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды салыстыру және анықтау, абстрактілі ұғымдарды түсіндіру үшін нақты мысалдарды қолдану.

Сан және санау

5 жастағы балаларды «Сан және санау» тақырыбына оқыту әдістемесі келесі қадамдарды қамтиды:

10 көлеміндегі сандарды тура және кері санау жаттығулары. 0-ден 10-ға дейінгі сандардың пайда болуымен және 0-ден 9-ға дейінгі цифрмен танысу. Ол үшін әртүрлі көрнекі материалдарды, сандар мен цифр бейнеленген карточкалар, нүктелері бар суреттерді пайдалануға болады.

«Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. Ол үшін балалар заттардың санын көрсету немесе топтағы заттың нөмірін немесе ретін анықтауы керек, ойындар мен жаттығуларды қолдануға болады. Нақты жиындарды салыстыру негізінде 10 көлеміндегі жақын тұрған сандарды салыстыру. Ол үшін көрнекі материалдарды, мысалы, заттарды бейнелейтін карточкаларды пайдалануға болады.

Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. Ол үшін көрнекі материалдарды, мысалы, заттарды бейнелейтін карточкаларды пайдалануға болады.

Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, топтардағы әртүрлі заттардың тең санын анықтауға үйрету. Ол үшін көрнекі материалдарды, мысалы, заттарды бейнелейтін карточкаларды пайдалануға болады.

Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру. Ол үшін әртүрлі ойындар мен жаттығуларды қолдануға болады, мысалы, суреттегі немесе нақты жағдайдағы заттардың санын анықтауға арналған тапсырмалар.

Жалпы алғанда, 5 жастағы балаларды «Сан және санау» тақырыбына тиімді оқыту үшін балаларға материалды жақсы түсінуге және сан және санау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін көрнекі материалдар, әртүрлі ойындар мен жаттығуларды пайдалану маңызды.

Сан және санау туралы түсініктер санға дейінгі сандық қатынастардың қалыптасуынан басталады: заттардың шамасы бойынша теңдік, теңсіздік; заттардың санына қарай әр топтың құрамының теңдік, теңсіздігі. Бала «артық», «кем», «тең» деген математикалық қатынастарды түсіне бастайды. Содан кейін оны санауға үйретуге болады, он көлеміндегі сандар туралы, сандар тізбегі арасындағы байланыстар, жеке бірліктер мен екі кіші санның сандық құрамы туралы түсінік береміз.

Мектепалды даярлық тобында сандарды құру туралы ұғым қалыптасады, бұл екі заттардың жиынтығын сәйкестендіру негізінде көрсетіледі. Балалар келесі сан алдыңғы саннан және алдыңғы санды келесі саннан құрылу принципін түсінуі керек. Осыған байланысты 2 жаңа санды, мысалы 5 пен 6 сандарын алған жөн. Әрбір келесі санның қалай құрылғанын көрсету үшін алдыңғы санның қалай алынғанын қайталау қажет.

Санау мен салыстырылатын екі жиын элементтерін бір-бірілеп сәйкестендіру тәсілдерінің (өзара бірімәнді сәйкестік, яғни *A* заттар жиынының бір элементіне *B* заттар жиынының бір элементі сәйкес келеді) мәнін түсіну үшін «тең», «артық», «кем» байланысын анықтаған кезде заттарды санап, олардың санын салыстыру қажет немесе 2 топтағы заттарды салыстырудың түрлі тәсілдерін (беттестіру, жанына қою, эквиваленттер пайдалану) пайдалана отырып, бір-бірімен салыстырған жөн. Бұл балалардың топтардың бірінде бір заттың артық қалғанын көруге, яғни оның көптігін байқауға көмектеседі, екіншісінде керісінше, бір зат жетпейді, яғни ол топтағы заттың аз екенін көрсетеді. Балалар көрнекілікке сүйене отырып сандарды салыстырады.

Топтарды теңестіру принципін балалар тәжірибе арқылы меңгереді, яғни бір затты саны аз топқа қосу немесе заты көп топтан бір затты алып тастау арқылы үйренеді. Балалар әр санның қалай алынғанын (қандай санға қандай сан қосқанда немесе қандай саннан қандай санды алып тастағанда пайда болғанын) әңгімелей біледі. Егер олар жауап беруге қиналса,

«Нешеу болды?», «Нешеуін қостыңдар?», «Нешеуін алдыңдар?», «Енді нешеу болды?» деген сұрақтар қою қажет. Балалардың білімін пысықтау үшін ұжымдық жұмысты үлестірмелі материалмен жасалатын өзіндік жұмыстармен кезектестіріп отырған абзал.

Мектепалды даярлық тобында заттарды санауға арналған жаттығулар күрделене түседі:

бірден әртүрлі заттардан құралған 2 топ құрастыруға арналған тапсырмалар (5 шеңбер мен 3 шаршыны санап, алып қойыңдар);

бірдей, бірақ түсі немесе көлемі жағынан айырмашылығы бар заттардан құралған 2 топ құрастыруға арналған тапсырмалар (7 үлкен және 8 кішкентай шеңбер);

2 топтағы заттарды санап қана қоймай, оларды белгілі бір жерге орналастыру: мысалы, қағаздың жоғарғы жағына, төменге, сол жағына, оң жағына, ортасына.

Мұндай тапсырмаларды орындамас бұрын педагог қағаз бетінен бір-біріне сәйкес келетін бөліктерді табу арқылы балаларды жаттықтырады.

Мектепалды даярлық тобындағы балаларға тапсырманы мұқият тыңдау, оны есте сақтау, тапсырманы нақты орындау мен оны қалай орындағанын, ол үшін не істегенін айтып беруді үйрету қажет.

Бастапқыда толық та нақты жауап беру қиындық тудыруы мүмкін. Сондықтан бастапқы кезде педагог балаларға жетекші сұрақтар қою арқылы көмектеседі. Балаларды тапсырманы орындағанға дейін қайталауға үйретеді.

Санау әрекетін дамыту үшін түрлі анализаторларды қатыстыра отырып санауға жаттықтыру қажет. Мысалы: дыбыстарды, қозғалысты санау, заттарды сипау арқылы санау.

Келесі санның құрылуын түсіндіріп болғаннан кейін балаларға дыбыстар мен іс- қимылды санауға арналған тапсырмалар ұсынылады. Сөйтіп, санау көлемі 10-ға дейін жеткізіледі. Мектепалды даярлық тобында *заттарды сипап санауға* берілген жаттығулар біршама қиындатылады. Мәселен, көзін жұмып, түймелерді сипап санау; тастарды бір қолдан екінші қолға ауыстыру арқылы санап шығу. Бұл жерде оқу іс-әрекетіне балалардың бәрі қатысатындай тәсілдер таңдап алған тиімді.

Дыбысты санау жоғарғы топтарда санауға және заттарды санауға тікелей байланысты өткізіледі. Сондай-ақ балалар *қозғалысты санау және сонша рет қозғалуды* үйренеді. Балалар педагогтің немесе өзге заттардың қимыл-қозғалысын санайды. Содан соң өздері де көрсетілген үлгі бойынша және аталған санға қарай қозғалады. Педагог жаттығуларды ұйымдастырған кезде оған балаларды барынша көбірек қатыстыруға тырысуы керек. Балалар үшін аталған бағытта қадамын санап қозғалу өте пайдалы. Олар қозғала отырып, қадамын санауға үйренеді және кеңістікте бағдарлауға машықтанады. Балаларға *санның заттың көлеміне, аумағы мен орналасқан жеріне бағынбайтынын* ұғындырудың маңызы зор, яғни «Қанша?» деген сұраққа жауап бергенде заттың қай бағытқа қарай саналғаны маңызды емес. Балалар бұған: белгілі бір заттарды сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа; жоғарыдан төменге, төменнен жоғарыға қарай санау арқылы өздігінше көз жеткізуі тиіс. Кейін балаларға заттарды қатардағы ретімен ғана емес, әртүрлі тәсілдермен санауға болатыны айтылады (шеңбер бойынша, жұп-жұбымен санау, белгілі бір топқа бөліп санау). Белгілі бір заттарды әртүрлі тәсілдермен (3-4 тәсіл) санау арқылы балалар заттарды кез келген бағытта және кез келген заттан бастап санауға болатынын, бірақ бірде-бір затты санамай кетуге немесе екі рет санауға болмайтынын ұғынады.

Жоғарғы топтарда *саны жағынан тең жиындар құрап, оларды салыстыруға арналған жаттығуларға* көп уақыт беріледі. Бұл жаттығулар арқылы балалар элемент саны бірдей жиындарға бір ғана натурал сан сәйкес келетінін ұғынады. Педагог тапсырманың әртүрлі нұсқаларын пайдалана алады.

Балалар қолдарындағы ойыншықтардың әр түрінен *неше ойыншық* барын түсініп, ойын жинақтауға үйренуі тиіс.

Бағдарламада 5 жасар балаларға *заттарды тең бөліктерге бөлуді* үйрету және бүтін мен бөліктердің байланысын анықтау қарастырылған. Әсіресе бүтінді бөліктерге бөлуді үйреткен кезде затты қимай, бүктеуден (ортасынан, 4 бөлікке) бастаған абзал. Себебі балалар қиған кезде заттың әр бөлігін бүтіннің бір бөлігі деп емес, керісінше бөлек нысан деп қабылдауы мүмкін. Бастапқыда бүтінді бөліктерге бөлу кезінде қағаздан жасалған геометриялық пішіндерді (көлемі жағынан әртүрлі шаршылар, шеңберлер, үшбұрыштар, яғни бүктеуге болатын заттар) пайдалануға болады. Бүтінді бөлу барысында балаларға бөліктің бүтін заттан кіші, ал бүтіннің өз бөліктерінен үлкен болатынын түсіндіріп отыру қажет.

Балалар затты қимай, бүктеп бөлу арқылы бүтіннің неше бөлігі барын анықтайды. Мысалы, қағазды екі бірдей бөлікке ортасынан, содан соң тағы да ортасынан бүктеген кезде оны төрт бөлікке бөлуге болатыны белгілі болады. Егер ұзын жіпті ортасынан үш рет бүктесек сегіз бөлікке бөлінеді. Содан соң қиылған бөліктерді міндетті түрде қалпына келтіріп, бір-біріне жапсырып көрсету қажет. Себебі басты міндетіміз затты қиыда емес, бүтін мен оның бөліктерінің арасындағы байланысты анықтап, бір-бірімен тең әр бөлікті атын атап көрсетіп, үйретуде («жарты», «екіден бір бөлігі», «төрттен бір бөлігі»). Мектепалды даярлық тобындағы балалардың *сан туралы түсінігі* нақтыланады. Оларды 10-ға дейінгі сандардың құрамымен таныстыру қажет. Жекелеген элементтерден тұратын топтағы заттардың бір-бірінен айырмашылығы болғаны жөн (түсі, көлемі т.б. жағынан). Сондықтан алдымен түрі бірдей, бірақ түсі, көлемі немесе пішіні жағынан айырмашылығы бар заттар қолданылады. Мысалы, көлемі бірдей 5 шеңбердің суреті салынған: оның 3-еуі көк, 2-еуі қызыл. «Барлығы неше шеңбер?», «Бес болуы үшін 2-ге нешені қосамыз?», «Бес дегеніміз – 3 пен неше?». Содан соң қызыл және көк түсті шеңберлердің санын өзгертеміз (1 және 4; 2 және 3; 4 және 1).

Әр санның құрамын түсіндірген кезде педагог мынадай ойындар өткізеді: «8-ге неше сан жетпей тұр?», «Санды ... дейін толықтыр». Мысалы, «Менің қолымда 3 қарындаш бар, 6 болуы үшін неше қарындаш қосу керек?», «Алты дегеніміз – 3 пен неше?» деген сияқты сұрақтар қоюға болады.

5 жастағы балаларды *реттік сандарды* пайдалана білуге үйрете бастауға болады. Мұны заттың реттік санын оның сандық мәнімен салыстыру арқылы жүзеге асырамыз. Қанша зат екенін білу үшін оларды бір, екі, үш, төрт т.б. деп санаймыз. Ал заттың өзге заттар арасындағы орнын табу үшін «Нешінші?» деген сұрақ қойып санаймыз: бірінші, екінші, үшінші, төртінші т.б.

«Нешінші?» деген сұраққа жауап берген кезде санаудың қай бағытқа қарай жүргізілетіні өте маңызды. Реттік нөмірді анықтаған кезде сол жақтан оңға қарай санаймыз, ал басқа бағытта санағанда санау бағытын көрсету қажет. Педагог осыны түсіндіргеннен кейін алалармен бірге заттарды әртүрлі бағытта санайды. Сөйтіп, заттың өзге заттардың арасындағы орнын анықтайды. Балалар белгілі бір заттарды қайталап санау арқылы заттың орнын анықтау үшін санау бағытын көрсету қажеттігін түсінеді (мысалы, сол жақтан үшінші, оң жақтан санағанда бесінші және т.б.).

Реттік санауды үйрету барысында педагог «Не өзгерді?» (ойыншықтардың орнын ауыстырамыз, бірінші тұрған зат үшінші орынға ауысты т.б.), «Қай ойыншық жоқ?» деген ойындарды пайдаланса болады. Педагог балалардан көздерін жұмуды өтініп, ойыншықты ақырын алып тастайды. Балалар көзін ашқаннан кейін қайсы ойыншықтың «жоғалғанын» табады.

Реттік санауды белгілі бір уақыт ішінде күн сайын үйретеміз. Балалар меңгеріп алғаннан кейін, бағдарламаның арасына пысықтау мақсатында енгізіледі. Реттік санауды жыл бойы қайталап отырады.

10 көлеміндегі сандарды салыстыру жұмыстары да жүйелі түрде жүргізіледі. «Артық», «кем» деген қатынастардың бір-бірімен байланысын анықтау сандар арасындағы байланыстардың өзара кері сипаты туралы ұғым қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, 5 саны 4-тен артық: егер 4-ке 1-ді қоссақ, 5 шығады; 4 саны 5-тен кем; егер 5-тен 1-ді азайтсақ, 4 шығады.

Көлемі, орналасуы және т.б. жағынан бір-бірінен айырмашылығы бар заттар жиынтығын салыстыру арқылы, «тең», «тең емес», «артық», «кем» байланыстарын анықтауда заттарды бір-бірлеп салыстыру тәсілінің (бір-біріне қою, беттестіру т.б.) маңызды екендігін түсіндіреміз. Балалар бұл тәсілдерді салыстырып, 2 санның қайсысы артық, қайсысы кем екенін анықтау құралы ретінде пайдаланады. Педагог балаларды жиынтықтарды теңестіруге жаттықтыруға көбірек көңіл бөлуі қажет. Балалар жиынтықты теңестіре отырып, аралас сандар арасындағы айырманы табады. Мектеп жасына дейінгі балаларға «теңсіздіктен теңдік шығаруды» ғана емес, «теңдіктен теңсіздік алуды» да үйретеміз. Олар сандарды көзге көрінетін және есту, сипау арқылы қабылданатын жиынтықтарды салыстыру негізінде орындайды. Тапсырманы орындағаннан кейін бала қанша зат алып, қанша затты қосқанын ғана емес, неге сонша затты алғанын немесе қосқанын түсіндіруі тиіс (сандарды салыстыру).

Көрші сандарды салыстыру жұмыстары геометриялық пішіндердің, заттардың көлемін салыстыруға арналған жаттығулармен қатар жүргізіледі. Сөйтіп, педагог оқу қызметін түрлендіріп отырады. Сол арқылы баланың санасында заттардың белгілі бір тізбегі туралы ұғым қалыптасады және көрші сандар арасындағы өзара кері қатынастарды ұғады.

Шам

Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын көрнекі мысалдармен анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.

Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету.

Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.

Заттарды беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алуға үйрету.

Бұл әдістеменің мақсаты – балалардың шама туралы түсінігін және оның заттардың әртүрлі белгілерімен байланысын дамыту, сондай-ақ олардың салыстыру және өлшеу дағдыларын қалыптастыру. Шама – мектеп жасына дейінгі баланы математикалық тұрғыдан дамытудың іргетасы. Бала заттың шамасын іс жүзінде салыстыру арқылы «артық – кем», «теңдік – теңсіздік» сынды сандық қатынастарды тани бастайды. Заттың шамасы туралы түсінік қалыптастырылып, «ұзын – қысқа», «биік – аласа», «кең – тар», «артық – кем» қатынастарын түсіндіру балаларға жасырын математикалық тәуелділіктерді көрсетуге, олардың сан туралы білімін тереңдетуге мүмкіндік береді.

Шамаларды салыстыруға арналған жаттығулар біртіндеп қиындай түседі. Балалар заттар арасындағы шама қатынастарын анықтап қана қоймай, осыған ұқсас мысалдар жасап шығады. Мысалы, бірі ұзын, ал екіншісі қысқа екі жолақтың суретін салады және қағаздан бірі үлкен, екіншісі кішкентай шеңберлер қияды. Балалар ұзындық өлшемдері туралы алған білімін сөйлеу барысында дұрыс қолдана біледі. Балалардың бойында заттар арасындағы шама қатынастары туралы нақты түсінік қалыптастыру қажет. Мысалы, *ұзынырақ, қысқалау, одан да қысқалау, ең қысқа* деген сияқты заттың өзгелер арасындағы орнын білдіретін сөздерді пайдаланамыз. Жоғарғы топтағы балалар үшін көп затты (10 данаға дейін) салыстыру туралы тапсырмалар жеткіліксіз. Оларға заттарды қатарға жеке-жеке емес, жұбымен іріктеп, орналастыруға арналған жаттығулар береміз. Бір ғана емес, 2-3 өлшем арқылы ерекшеленетін заттарды пайдаланамыз. Бірдей заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай, сосын басқа белгісіне қарай бір қатарға орналастырамыз. Мысалы, заттарды алдымен биіктігінің өсуіне қарай, кейін қалыңдығына қарай орналастыруға болады.

Педагог балалардың көзбен шамалау қабілетін дамытуға тиіс. Балалар заттарды бір- бірінің үстіне қою, беттестіру, өлшеу сынды тәсілдерді игереді. Енді оларға соның арқасында көзбен шамалауды талап ететін күрделірек тапсырмаларды орындауға тура келеді. Бастапқыда олардан көзбен шамалау арқылы үлкен және кіші, үлгісі бірдей заттарды табуды сұраймыз. Үлгі ретінде әртүрлі заттарды пайдалануға болады. Сонымен қатар белгілі бір үлгіні заттарды ұзындығына, еніне т.б. қарай салыстыру үшін пайдалануға болады. Әр өлшеген сайын балалар заттарды бір-бірінің үстіне қою, беттестіру тәсілдері мен өлшеу құралдарымен тексеріп, тапсырманың дұрыстығына көз жеткізуі тиіс.

Реттелген қатардың қасиеттері туралы өткенді бекіту үшін балалардан тапқырлық пен алғырлықты талап ететін жаттығулар қолданылады. Мысалы, ұзындығы әртүрлі алты-сегіз жолақ беріледі. Оларды ұзындығына қарай үйлестіріп қоюға болмайды. Өйткені олардың арасында ұзындығы бірдей екі жолақ бар. Балалар осы ерекшелікті анықтауы тиіс.

Сонымен қатар аралық элементтен бастап қатар құру, қатардағы түсіп қалған немесе артық элементтің орнын табу, қатарға аралық элементтерді орналастыру сынды тапсырмалар беруге болады. Педагог әр тапсырманы ойын түрінде ойната біледі. Ол үшін «Тауып көріңдер, не жетпейді?», «Қайсысы артық?», «Енді не өзгерді?» деген сұрақтар қоюға болады.

Реттелген қатарды құру барысында мына ережені ұмытпаған жөн: заттарды өлшеп қойып көруге немесе олардың орнын ауыстыруға болмайды. Қатарға қойылатын әрбір элементті балалар көзбен шамалап қоюы тиіс.

Балаларға белгілі бір заттың өлшемін анықтауға арналған тапсырма беріледі. Мысалы: қақпаның, шарбақтың, баланың үстелінің биіктігін өлшеу; үлгіден артық, кем, ұзын, қысқа немесе оған тең заттың атын атау; қарындаш, тостаған, доптың мөлшерін анықтау және оларды бұрын көріп жүрген заттарымен салыстыру; бірі екіншісінен ұзын (қысқа), кең (тар), биік (аласа) болатын 2 заттың атын атап беру.

Оқу жылының соңында мектепалды тобының балалары заттың ұзындығын, енін, биіктігін анықтап қана қоймай, оның салыстырмалы көлеміне баға беруі тиіс. Шама қарапайым математикалық әрекеттер нысанына айналады. Балалар оның қасиеттері туралы нақты түсініктер айта бастайды.

5 жастағы балаларға шама мен санға байланысты ұғымдарды игеруге көмектесетін ойындардың мысалдары:

«*Кім жоғары, кім төмен?*» өлшемі және биіктігі әртүрлі жануарлардың бірнеше суреттері дайындалады. Балалардан суреттерді жануарлардың биіктігінің өсу ретімен орналастыру сұралады. Олар тапсырманы орындайды, суреттердің орналасу ретін түсіндіреді.

«*Заттарды салыстыру*» – өлшемі, пішіні және материалы әртүрлі бірнеше заттарды жинап, балалардан оларды әртүрлі белгілермен (мысалы, өлшемі, салмағы, түсі) салыстыру сұралады. Олар салыстырады, және өз таңдауын айтып түсіндіреді.

«*Заттарды санау*» – заттар саны әртүрлі бірнеше себет дайындалады (мысалы, 5 алмасы бар себет, 8 добы бар себет т.б.). Балалардан әр себеттегі заттардың санын салыстыруды және себеттерді заттар санының өсу ретімен орналастыру сұралады. Содан соң барлық себеттердегі заттардың санын санайды.

«*Нысандарды жасау*» – балалардан әртүрлі өлшемдер мен пішіндердегі бірнеше нысандарды (мысалы, саз немесе ермексазdan) жасау сұралады. Содан кейін үйренген математикалық терминдерді қолдана отырып, объектілерді өлшемі, ені, биіктігі және ұзындығы бойынша салыстырады.

Геометриялық фигуралар

5 жастағы балаларға геометриялық түсініктерді қалыптастыру ерекшеліктері келесі аспектілерді қамтиды:

шеңбер, шаршы, үшбұрыш және т.б. сияқты негізгі геометриялық пішіндер мен фигураларды игеру және геометриялық фигуралардың ерекше қасиеттерін түсіну. Мысалы, қабырғалардың саны, пішіні мен өлшемі;

геометриялық пішіндер туралы білімдерін күнделікті өмірде қолдану. Мысалы, олардың айналасындағы нысандарды сипаттау, кеңістікте бағдарлау үшін кеңістіктік ойлауды қолдана бастайды;

көп – аз, жоғары – төмен және т.б. сияқты қатынастарды түсіну;

геометрия туралы білімдерін проблемаларды шешу үшін пайдалану, бұл олардың дамуына және болашақта күрделі ұғымдар мен дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді.

Балалар геометриялық пішіндермен ерте жаста танысты. Педагогтің негізгі міндеті – балаларды өздері білетін геометриялық пішіндердің қарапайым белгілерімен және ерекшеліктерімен барынша тереңірек таныстыру.

Бұл топтағы балалар шеңбер, шаршы, үшбұрыш пен тіктөртбұрышты ажырата алады. Сонымен қатар аталған жазық пішіндердің көлемі мен түсі әртүрлі болуы мүмкін екенін жақсы біледі. Балалар шар, текше, цилиндр тәрізді көлемді денелерді де жақсы таниды. Бұл пішіндердің бәрі қоршаған ортада көптеп кездеседі. Сондықтан олардың атын дұрыс атап, үйреткен жөн.

Математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекетінде балаларды пішіні жағынан бір- біріне жақын пішіндерді (шеңбер, сопақша) ажыратуға, білетін пішіндеріне қарапайым талдау жасауға, олардың кейбір қасиеттерін көрсетіп, сипаттап беруге үйрету. Балалар пішіндер мен олардың үлгілерін танып қана қоймай, айналадан соларға ұқсайтын заттарды табуды үйренеді. Балаларға таныс пішіндерді әртүрлі белгілеріне қарай жинақтауды үйретуге де болады.

Мысалы, балаларға көлемі мен түсі әртүрлі жазық пішіндерді (шеңбер, сопақша, түрлі үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштар).

Туыстық белгілеріне қарай топтастыруды үйрету:

екі топты бөліп көрсету: дөңгелек және бұрышы бар пішіндер;

үш топты көрсету: дөңгелек пішіндер, төрт бұрышы мен төрт қабырғасы бар пішіндер, үш бұрышы мен үш қабырғасы бар пішіндер; ал әртүрлі пішіннің ішіне көлемінің өсуіне немесе кемуіне қарай фигура

орналастыру. үш топ фигураларды көрсету (түсі және пішініне байланысты емес): үлкен, орта, кіші өлшемді;

фигураларды пішіні мен өлшеміне байланысты емес, түсіне қарай топтастыру.

Педагог үлгілерді зерттеу барысында сезім-қозғалыс тәсілдерін белсенді түрде пайдаланады. Балалар пішіндерді саусақпен басып, олардың бір-бірінен айырмашылықтарын анықтау үшін беттестіру, қасына қою тәсілдерін қолданады. Пішіндердің элементтерін санап, бір түрлі, бірақ түсі мен көлемі әртүрлі пішін үлгілерінің қабырғалары мен бұрыштарын салыстырады. Сондай-ақ шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш пен төртбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарын санайды. Сонымен қатар оларды басынан бастап элементтерді дұрыс атап көрсетуге дағдыландырады.

Пішін туралы ұғымды бекіту үшін ортаңғы топта қолданылған тәсілдерге қосымша жаңа әдістер қолданылады. Мысалы, балалар пішінді түрлі тәсілдерді қолдана отырып бірнеше бөлікке бөледі, бөліктерден бүтін пішін құрастырады. Бір пішіннен екінші пішін құрастырады, ұзындығы әртүрлі таяқшалардан қабырғаларының арақатынасы әртүрлі пішіндер құрастырады, ермексизден текше, шар, цилиндр тәрізді кеңістік пішіндерін жасайды. Дидактикалық ойындар мен көрнекілік материалдарды кеңінен қолдану жоғарғы топтағы балалардың геометриялық пішіндер туралы ұғымын жинақтауға және молайтуға мүмкіндік береді.

Балаларды таныс пішіндерді әртүрлі белгілеріне қарай итермелеуге қажет. Ол үшін әр баланың қолына геометриялық пішіндер жиынтығы (сопақшалар, әртүрлі үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштар, балалар атауын білмейтін трапеция, ромб сынды өзге де төртбұрыш түрлері) салынған хатқалта беріледі. Балалар осы пішіндерді түсі мен пішініне қарамай, шама белгісі бойынша; шамасы мен түсіне қарамай, пішіндік белгілері бойынша; пішіні мен шамасына қарамай, түсі бойынша топтастырады. Содан соң оларды дөңгелек және бұрышты пішіндер деген екі топқа бөлуі тиіс. Тапсырманы орындау барысында балалар өз әрекеттерін сөзбен түсіндіріп отырады.

Балалар карточкаларды заттың белгілеріне қарай топтастыру туралы тапсырманы орындайды. Олар әртүрлі суреттерді қарап шығып, контурын саусағымен сызып шығады. Бұл суреттегі заттардың пішінін (дөңгелек пішінді: шеңбер, алма, дөңгелек, доп; сопақ пішінді: жұмыртқа, қияр, қараөрік, қауын және т.б.) анықтауға көмектеседі.

Балалардың таныс геометриялық пішіндер мен денелер туралы ұғымын нығайту үшін түрлі дидактикалық ойындар ұйымдастырылады.

«**Ғажайып қапшық**» ойынын мектеп жасына дейінгі балалар жақсы біледі. Ол заттардың геометриялық пішінін зерттеуге көмектеседі, балалар пішіндерді ажыратуға жаттығады. Қапшықта геометриялық пішіндердің үлгілері бар. Бала оларды зерттеп көреді, қолымен сипайды, содан соң көрсеткісі келіп тұрған пішіннің атын атайды. Ойынды аздап қиындатуға да болады. Ол үшін жүргізуші «ғажайып қапшықтың» ішінен белгілі бір пішінді табу жөнінде тапсырма береді. Балаға тиісті пішінді тапқанша бірнеше үлгіні зерттеп көруге мүмкіндік беріледі. Бұл тапсырма алдыңғыға қарағанда жай орындалады. Сондықтан әр баланың «Ғажайып қапшыққа» қолын салып, ойынды ойнауына мүмкіндік беру жағын ойластырыңыз. «Ғажайып қапшық» ойынын геометриялық денелердің үлгісімен, нақты геометриялық пішіні бар заттармен өткізуге болады.

Жаңартылған бағдарламада балаларға фигураларды тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөліктерді салыстыру, бөліктерден фигуралар жасау ұсынылады. Осы мақсатта әртүрлі түрдегі геометриялық конструкторларды қолданады. Мысалы, тең бөліктерге бөлу үшін «**Геометриялық мозайка**» ойыны қолданылады. Оны қатырғықағаздан оңай жасауға болады, содан кейін ою-өрнектер мен фигураларды орналастырады. Сондай-ақ оның бөліктерінен фигура жинайды.

Тең емес бөліктерден пішіндерді жинау үшін, «Танграмм», «Жапырақ» және т.б. дәстүрлі ойындар бар. Сондай-ақ балалар ауызша сипаттама беру бойынша модельдеуі керек. Бұл келесі нұсқаулар болуы мүмкін: үш таяқшаны алыңыз, қандай пішін жасауға болады? Сондай-ақ «Геометриялық пішін туралы айтыңыз», «Шаршы неге айналмайды?» тақырыптарында пішіндер туралы өлеңдер мен ертегілерді алып, сұхбат жүргізуге болады.

Кеңістікте бағдарлау

Балабақшаның жоғарғы тобында тәрбиеленуші үшін уақытты бағдарлаудың маңызы өте зор. Себебі ол – заттардың шамасын, пішінін, орналасқан орнын анықтаумен тығыз байланысты дүние. Балалар оң және сол қолын ажыратып, заттардың орналасқан бағытын (жоғарыда, төменде, алдында, артында, сол жақта, оң жақта) анықтау қабілетіне ие болады. Бұл топтағы балалар заттардың өзінің қай жағында тұрғанын анықтап қана қоймай, оларды сол бағытта орналастырып шығуға қабілетті.

Уақытты бағдарлауды балалар өзінен бастауы тиіс. Олар алдымен өзін заттың орнына ойша қойып көруі тиіс. Иллюстрациялық материалдар ретінде ойыншықтар мен айналадағы заттарды да қолдана беруге болады. Ол үшін заттың бағытын анықтап алуы тиіс. Содан соң балалар бір-бірінің оң жағы мен сол жағын табуды үйренеді. Мысалы: оң қолы мен сол қолы қайда, содан соң қуыршақ пен қоянның кеудесі қайсы және т.б. анықтайды.

Басты міндет – балалардың бойында зат өзге заттың қай жағында орналасқанын анықтай алу қабілетін дамыту. Мысалы: үстелдің оң жағында, ал тақтаның сол жағында және т.б.

5 жастағы балаларды кеңістікте бағдарлауға үйрету үшін келесі ойындарды қолдануға болады:

Кеңістіктегі заттардың орналасуына арналған ойындар. Балаларға заттарды үстелге немесе еденге белгіленген орындарға қою ұсынылады (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде). Сондай-ақ пирамидалар немесе текшелерден мұнаралар салу ойындарын пайдалануға болады.

Қозғалыс бағыттары бойынша ойындар. Балаларға берілген бағытта (сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа, сол бағытта) қозғалу және педагогтің дабылы бойынша бағытты өзгерту ұсынылады.

Заттардың орналасуын белгілеуге арналған ойындар. Балаларға заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орналасуын сипаттау ұсынылады (мысалы, мәшине есіктің алдында, стақан тәрелкенің сол жағында). Қағаз бетінде бағдарлау ойындары. Балаларға қағаз бетіне әртүрлі заттарды салу немесе табу және олардың қағаз бетіндегі орнын көрсету ұсынылады (жоғарыда, төменде, сол жақта, оң жақта және т.б.).

Барлық ойындар қызықты және әртүрлі болуы керек, балалар оларға қатысудан ләззат алып, жаңа ұғымдарды оңай игереді.

Мектепке дейінгі топтардағы балалардың кеңістікте бағдарлау қабілетін дамыту үшін педагог мынадай жаттығуларды пайдалана алады:

дидактикалық суреттерді қарап шығу және ондағы заттардың орналасу орнын сипаттап беру;

әртүрлі орналасқан, бірақ біртектес заттары бар суреттерді жұптастыру;

денешынықтыруға арналған жаттығулар; балалар бұл жаттығулар кезінде белгілі бір белгі бойынша қозғалыс бағытын өзгертуді, өзінің белгілі бір заттың қай жағында тұрғанын суреттеп беруді үйренеді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында түрлі дидактикалық ойындарды пайдалануға кеңес береміз.

«**Не қайда тұр?**» **ойыны.** Балалардың алдына әртүрлі заттар қойылады. Оларды ойдағы шаршының бұрыштарына және ортасына орналастырады. Жүргізуші балалардан қоянның артында және қуыршақтың алдында немесе түлкінің оң жағында және қуыршақтың алдында тұрған заттың атын сұрайды.

«**Не өзгерді?**» **ойыны.** Үстелде бірнеше зат жатыр. Балалар олардың қалай орналасқанын жаттап алады. Содан соң көздерін жұмады. Ал педагог бір-екі заттың орнын ауыстырады. Көзін ашқаннан кейін

балалар қандай өзгерістер болғанын, заттың бұрын қайда тұрғанын, қазір қай жерде тұрғанын атап көрсетеді. Мысалы, қоян мысықтың сол жағында тұрған, енді ол оның оң жағында тұр немесе қуыршақ аюдың оң жағында тұр еді, енді ол алдына шығып тұр және т.б.

«Ұқсасын тап» ойыны. Балалар педагог көрсеткен заттардың суреті салынған картинаны іздейді. Содан соң заттардың қалай орналасқанын суреттейді: «Сол жақта бірінші піл, оның артында маймыл, ең соңында аю тұр» немесе «Ортасында үлкен шәйнек, оның оң жағында көгілдір тостаған, сол жағында қызғылт тостаған тұр».

«Өз өрнегің туралы айтып бер» ойыны. Әр баланың қолына ою-өрнегі бар сурет (кілемше) беріледі. Балалар өрнектердің қалай орналасқанын айтып беруі тиіс: жоғарғы оң жақ бұрышта – шеңбер, жоғарғы сол жақ бұрышта – шаршы, төменгі сол жақ бұрышта – сопақша, төменгі оң жақ бұрышта – тіктөртбұрыш, ортасында – үшбұрыш.

Балалардан өздері сурет іс-әрекетінде салған өрнек туралы айтып беруді сұрауға болады. Мысалы, ортасында – үлкен шеңбер, одан сәуле шашырап тұр; әрбір бұрышта – гүлдер, жоғары мен төмен жағында – толқынды сызықтар, оң жақ пен сол жақта жапырақтары бар толқынды сызық сызылған.

«Суретші» ойыны. Ойын кеңістікте бағдарлау қабілетін дамытуға, заттардың кеңістікте орналасқан орнын анықтайтын терминдерді бекітуге арналған. Үлкен немесе шағын топтармен өткізуге болады. Жүргізушінің рөлін педагог өзі атқарады. Педагог балаларға сурет салуды ұсынады. Оның сюжетін бәрі бірге ойластырады: қала, бөлме немесе хайуанаттар бағы, т.б. Содан соң әрқайсысы өзі ойластырған картинаның белгілі бір элементі туралы, оның басқа заттардың қай жағында, қай жерде орналасуы керектігін айтып береді. Педагог суретті балалар айтқан элементтермен толықтырады. Суретті тақтаға бормен немесе үлкен параққа фломастермен салады. Оның ортасына үйдің суретін (сурет қарапайым және балаларға түсінікті болуы шарт), үйдің шатырының үстіне құбырдың суретін салады. Құбырдан түгін шығып тұр. Тапсырма бойынша жоғарыда, төменде, сол жағында, оң жағында, артында, алдында, ортасында, жанында, қасында т.б. сөздерді пайдалану керек.

«Ойыншықты тап» ойыны. Педагог: «Балалар, түнде біздің топта ешкім болмайды емес пе? Сол кезде бізге Карлсон келіп, сендерге сыйлыққа ойыншықтар тастап кетіпті. Карлсон әзілдегенді ұнатады. Сондықтан ол ойыншықтарды жасырып қойыпты. Мына хатта ол қай ойыншықты қай жерден табуға болатынын жазыпты. Көне, хатты оқимыз». Хатқалтаны ашып оқиды: «Педагогтің үстелінің алдына тұрып, тура жүресіңдер». Балалардың бірі тапсырманы орындайды, қорапта ойыншық мәшине жатқан шкафқа жақындайды. Екінші бала келесі тапсырманы орындайды. Терезеге жақындап, солға бұрылады. Перденің артынан қуыршақты табады.

«Бөлмеге саяхат» ойыны. Педагог балаларға Буратиноның тапсырмаларын береді:

«Терезеге жақындап, оңға қарай үш қадам жасандар». Бала тапсырманы орындайды. Егер дұрыс орындаған болса, жүргізуші жасырылған кәмпит қағазын табуға көмектеседі. Балалар қозғалыс бағытын сенімді түрде өзгерте алмайтын болса, бағыт саны екеуден аспауы тиіс. Бағытты өзгерту жөніндегі тапсырмалар санын кейін біртіндеп көбейтіп отыруға болады. Мысалы: «Алға бес қадам жүр, солға бұрыл, екі қадам жоғары жаса, оңға бұрыл, соңына дейін жүр, солға бір қадам жаса».

Уақытты бағдарлау

5 жастағы балаларға уақытты бағдарлауды үйрету үшін келесі әдістер мен тәсілдерді қолдануға болады:

Аптаның күндері, жылдың айлары, тәулік уақыты және т.б. туралы жұмбақтарды шешу.

Оқиғалардың тізбегін есте сақтау ойындары (мысалы, тіс тазалау немесе киіну тәртібін есте сақтау ойыны).

Күнтізбенің суретін салу және ағымдағы айды, апта күнін, тәулік уақытын талқылау.

Туған күн немесе демалыс күндері туралы әңгімелер сияқты оқиғалардың уақыты мен реттілігі туралы әңгімелер мен диалогтер.

Ол үшін педагог:

Уақытты, аптаның күндерін, айларын және тәулік уақытын көрнекі демонстрациялап көрсету үшін күнтізбе мен сағатты пайдалану.

Балаларға аптаның күндері мен айларының ретін көрсету, оларды атау және есте сақтауға көмектесу.

Күннің (таң, күн, кеш, түн) және жылдың (көктем, жаз, күз, қыс) уақытын анықтау үшін ойындарды ойнату.

Балаларға әртүрлі оқиғалар туралы айту және оларға уақыт тізбегін анықтауға көмектесу (мысалы, біз алдымен дүкенге, содан кейін алаңға барамыз).

Уақытпен байланысты сөздер мен сөз тіркестерін (кеше, бүгін, ертең, таңертең, түстен кейін, кешке, түнде, болды, бар, болады, ертерек, кейінірек) балалармен әңгімелесу барысында қолдану.

Оқиғаларды уақыт бойынша ретке келтіру қажет ойындарды ойнау (мысалы, суреті бар карточкаларды дұрыс ретпен орналастыру).

Бұл жастағы балалар ойын және көрсетілген мысалдар арқылы жақсы үйренетінін есте ұстаған жөн, сондықтан әдістер интерактивті және әртүрлі болуы керек.

Уақыт – абстрактілі ұғым, сондықтан оны балалардың меңгеруі қиындық тудырады. Уақыт ұғымдарын балалар өз іс-әрекеті, үлкендердің белгілі бір уақытқа қатысты іс- қимылдары, объективті көрсеткіштерге (күн, жарық, табиғат құбылыстары) баға беру арқылы ұғынады.

Уақыттың таңертең, күндіз, кеш, түн сияқты мезгілдері туралы ұғымын нығайтамыз. Олар уақыт сырына өз іс-әрекеттері (таңертең – балабақшаға бару, түсте – түскі ас ішу т.б.) арқылы ғана емес, күрделі уақыт көрсеткіштері – табиғат құбылыстары (таңертең күн шығады, уақыт өткен сайын жарық бола түседі т.б.) арқылы қаныға түседі. Уақыт мезгілдері туралы түсінікті нығайтуға «Біздің бір күніміз»,

«Бірінші қайсысы? Кейін қайсысы?», «Қайсысы ерте? Қайсысы кейін?» деген дидактикалық ойындар көмектеседі.

Кейін балаларды апта күндерімен таныстыруға болады. Балалар алдымен ересектер күндіз деп атайтын тәуліктер бірінің орнына екіншісі келіп ауысып жататынын білді. Осындай жеті күн немесе жеті тәулік бір аптаны құрайды. Аптаның әр күнінің өз атауы бар. Аптадағы күндер де үнемі белгілі бір рет бойынша жүреді. Мысалы: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі. Аптадағы күндердің атауларын балалардың белгілі бір әрекеттерімен байланыстыруға болады. Мысалы, бейсенбі сайын сендерде денешынықтыру, жұма күні музыка сабағы болады т.б. Педагог күн сайын «Бүгін қандай күн?» деп сұрайды. Содан соң кеше аптаның қай күні болғанын, ертең қандай күн болатынын түсіндіреді. Жиі-жиі апта күндерін ретпен атап беруді сұрап отырады. Белгілі бір күнді атап, соның алдында немесе содан кейін қандай күн тұрғанын сұрайды. Аптадағы күндердің ауысу барысын қадағалау арқылы балалар уақыттың бір орында тұрмайтынын түсінеді, оның қалай қозғалатынын ұғады: күн артынан күн, апта артынан апта өтеді. Балалар уақыттың тоқтамайтынын, «жылдың айналып тұратынын» айта бастайды: күз болып еді, өтіп кетті, енді тағы да айналып күз келді. Өткен аптада дүйсенбі болып еді, жеті күннен кейін дүйсенбі тағы қайтып оралды.

Балалардың уақыт терминдерін жиі пайдалануына ауызша дидактикалық ойындар мен ойын түріндегі жаттығулар көмектеседі. Мысалы, «Әрі қарай жалғастыр!» ойынын алайық. Бұл жаттығуды доп ойыны түрінде өткізуге болады. Балалар шеңберге тұрады. Педагог қысқа сөз тіркесін айтып допты лақтырады. Доп тиген бала соған сәйкес келетін уақытты атауы тиіс. Мысалы, педагог допты лақтырғанда: «Сурет оқу іс-әрекеті...» десе, балалардың бірі: «... ертең болады» деуі керек және т.б.

«Жанды апта» ойыны. Ойынға 7 бала қатыстырылады. Олардың қолына аптаның күндері жазылған түрлі түсті шеңберлер ұстатамыз. Содан соң балалар апта күндерінің реті бойынша қатарға тұрады.

Кейін ойынды қиындатуға болады. Мысалы, балалар аптаның кез келген күнінен бастап қатарға тұруы тиіс.

«**Жыл он екі ай» ойыны.** Балалар шеңбер құрып тұрады. Жүргізуші допты лақтырады және түрлі сұрақтар қояды: «Ақпан нешінші ай? Жыл қандай аймен аяқталады? Қазаннан кейінгі ай қалай аталады? Жаз айларын айтып бер.» және т.б. Сұраққа жауап берген адам басқа сұрақ қойып, допты басқа ойыншыға лақтырады. Бұл ойындар балалардың аптадағы күндерді, айларды, олардың ретін, «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарының мәнін оңай жаттауына көмектеседі.

Циферблат бойынша уақытты анықтау

Балаларға уақытты көрсету үшін сағат циферблаты үлкен болу керек (онда барлық сандар болуы тиіс). Балаларға сағатпен тәжірибе жасауға мүмкіндік беріледі: сағат тілінің таяқшасын өз бетінше қозғайды, таяқша қай бағытта қозғалатынын қадағалайды. Қысқа және жуан таяқша сағаттың уақыт бірліктерін көрсететін тілдері болып келетінін айтады, сондықтан оны сағаттың негізгі тілі деп атайды. Ұзын және жіңішке тілдері минутты санайды, оны минут деп атайды. Бұл тілдер әртүрлі жылдамдықта қозғалады: бір сағат ішінде минуттық тіл бір шеңбер жасайды, ал сағат тілі бір цифрдан екінші цифрға ауысады.

Бірақ бұл жаста қандай да бір қатынастар туралы айтудың қажеті жоқ.

Циферблатпен жұмыс істеуге арналған ең қарапайым және кең таралған ойындар

«**Уақытты көрсет**». Үстелге циферблаты бар үлкен сағатты және бөлек сағат тілдері қойылады. Бала атаған уақытты сағат тілімен көрсету керек. Мысалы, «сағат 3-ті көрсет». Сағаттың минуттық тілдерін үйренбегендіктен, ұзын таяқшаны 12-ге қойып, балаларға минут тілі деп көрсету керек.

«**Уақытты тез атау» ойыны.** Еденге немесе үстелге үлкен цифрлары бар сағаттардың суреттері қойылады. Бала көрсеткен уақытты тез атау керек. Мысалы, «сағат тілі 2-ні көрсеткен уақытты, тез ата».

Логикалық жаттығулар

5 жас – балалардағы логикалық ойлаудың қарқынды даму кезеңі. Бұл кезеңде олар объектілер мен құбылыстар арасындағы қатынастарды біле бастайды, сонымен қатар қандай да бір мәселені шешу үшін логикалық принциптерді қолдануды үйренеді.

Балалар объектілерді қасиеттері бойынша жіктейді және себеп-салдарлық байланыстарды ажырата алады.

Олар қарапайым логикалық тұжырымдар құра бастайды, талдайды және қорытынды жасай алады. Бұл жаста абстрактілі ойлау қабілеті дамиды және жалпы ұғымдар туралы ойлары қалыптасады.

Балалардың логикалық ойлауын дамытуға жағдай жасау, олардың дағдыларын дамытуға және жетілдіруге көмектесетін әртүрлі тапсырмалар мен ойындар беру маңызды.

Логикалық ойлауды дамытуда, бұл жастағы бала: логикалық қорытынды жасауды; көптеген ұсынылған заттардың ішінен артық затты алып тастауды; көптеген ұсынылған заттардың ішінен топтарға бөліп, ортақ белгісін табуды; ұсынылған суреттер арқылы әңгіме құрастыруды; әңгімені аяқтай алуды; теорияны тәжірибеде қолдануға болатындығын білу керек.

Типтің үлгілік бағдарламаға сәйкес дәптерге логикалық тапсырмалар мен ойжұмбақтар түрлері қосылған:

«артық» затты тап;

заттардың ұқсастығы мен айырмашылығы неде (заттар тобының);

кеңістіктегі орнын анықта;

«тізбекті» жалғастыр және т.б.

Торкөздегі графикалық диктанттардың заңдылығын белгілей отырып біріктіруге болады. Графикалық диктанттар әртүрлі болуы мүмкін: қозғалыс дәптердегі сызықтардың (төркөз) қиылысу нүктесінен басталғанда. Кейде қозғалыс торкөздің ортасынан басталғанда, мысалы, фигура торкөздің ішінде орналасқан, онда оның жолын немесе жаңа орнын тапсырма бойынша табу керек.

Балалардың логикалық ойлауын дамытуға арналған ойындар:

әртүрлі критерийлер бойынша заттарды сұрыптауға және жіктеуге (түсі, пішіні, өлшемі, материалы және т.б.);

тізбектерді құру үшін, мысалы, ребустар немесе басқатырғыштар сияқты суреттерді дұрыс ретпен орналастыру керек;

логикалық байланыстар үшін, мысалы, «артық сөзді тап», онда қандай да бір критерий бойынша қай сөз басқаларына сәйкес келмейтінін анықтау керек.

басқатырғыштар, дұрыс жауапты таңдау немесе қарапайым тапсырманы шешу қажет;

ұқсастықта, екі зат арасындағы қатынасты анықтап, басқа жұп заттар арасындағы ұқсас байланысты табу керек.

Бұл ойындардың барлығы логикалық ойлауды, мәселелерді талдау және шешу қабілетін дамытуға, балалардың зейіні мен есте сақтау қабілетін жақсартуға көмектеседі.

Бұл құрал педагогтерге «Математика негіздері» ұйымдастырылған іс-әрекетінде балалармен жұмысты ұйымдастырудың барлық мәселелеріне көмектеседі деп сенеміз.

**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫПТАРЫНДАҒЫ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС - ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ
КҮНТІЗБЕЛІК - ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ
2025-2026 оқу жылы**

«Математика негіздері»

Апталық жүктеме 3 сағат, жылдық жүктеме 102 сағат.

Алматы «Алматыкітап баспасы» 2024 ж.

Авторлары: Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева

Р/с	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі
1	Кеңістікте бағдарлау	Міндеттері: сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын және заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) орналасуын үйрету; қозғалысты бағыттау: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа, сол бағытта. Берілген бағытта қозғалу қабілетін қалыптастыру, оны дабыл бойынша өзгерту. Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.	1	1.09.2025
2	Қағаз бетінде бағдарлау	Міндеттері: балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау; сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын белгілеу. Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.	1	3
3	Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау	Міндеттері: балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау, сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын белгілеу. Берілген бағытта қозғалу қабілетін қалыптастыру, оны дабыл бойынша өзгерту. Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.	1	5
4	Біреу – көп	Міндеттері: «бір» сөзінің мағынасымен таныстыру. «Бір» деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру, «біреу» және «көп» («бірнеше»), «бірдей және түрлі түсті» терминдерін енгізу. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту. Назар аудару, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	8
5	Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру. Заттардың қасиеті	Міндеттері: заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табу біліктілігін қалыптастыру, қандай да бір қасиеті бойынша топқа біріктіру. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру. Белсенділік пен дербестікке тәрбиелеу.	1	10
6	Заттарды ортақ қасиеті бойынша Топқа біріктіру. Заттардың қасиеті	Міндеттері: әртүрлі белгілері бойынша заттарды біріктіруге және сәйкестендіруге, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу, арттық затты табуды үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Зейін мен ойлау, қорытынды жасау, есте сақтау, сөйлеу қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	12
7	1 саны және цифры	Міндеттері: 1 саны және цифрымен таныстыру; «Көп», «бір» ұғымдарын бекіту; заттарды жіктеу, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «арттық» затты бөліп алу. Сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қимылдарын үйлестіру және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Белсенділік пен дербестікке тәрбиелеу.	1	15
8	2 саны және цифры	Міндеттері: 2 саны және цифрымен таныстыру; сандарды ретімен айтуға, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «арттық» затты бөліп алу, заттарды жіктеуге үйрету. 1 саны мен цифры туралы білімін бекіту. Танымдық әрекетке қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.	1	17
9	3 саны және цифры	Міндеттері: 3 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 3-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «арттық» затты бөліп алу дағдыларын жетілдіру. Сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.	1	19
10	4 саны және цифры	Міндеттері: 4 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 4-ке дейінгі цифрды тануға және	1	22

		бейнелеуге үйрету; заттарды санау, заттар тобынан 1-3 белгілер бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу дағдыларын жетілдіру. Сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Еңбекке және ұқыптылыққа тәрбиелеу.		
11	5 саны және цифры	Міндеттері: 5 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 5-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Басталған істі соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу.	1	24
12	Мен 5-ке дейін санаймын	Міндеттері: 1-ден 5-ке дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; 1-ден 5-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау; 5 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару дағдыларын жетілдіру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу тілін, зейінін, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу, жол ережелерін сақтауға әдеттендіру.	1	26
13	6 саны және цифры	Міндеттері: 6 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 6-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге және 1-ден 6-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Салауатты өмір салтына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	29
14	6 саны және цифры	Міндеттері: 1-ден 6-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 6-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Еңбекқорлық пен танымдық іс- әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу.	1	1.10.2025
15	7 саны және цифры	Міндеттері: 7 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 7-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 7-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету, заттарды санау дағдыларын жетілдіру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.	1	3
16	7 саны және цифры	Міндеттері: 1-ден 7-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; санау дағдыларын жетілдіру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Еңбекқорлық пен танымдық іс-әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу.	1	6
17	8 саны және цифры	Міндеттері: 8 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.	1	8
18	8 саны және цифры	Міндеттері: 1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.	1	10
